

**Зейнел-Ғаби
ИМАНБАЕВ**

Балаларға арналған қызықты әңгімелер

*«Сабыт Мұқанов»
атындағы облыстық
кітапхана қолна
автордан*

13.08.2014

М. Оғай

Издательство
«Северный Казахстан»

УДК 834 (321)
ББК 84.7 Рус-Каз 5-2
И 37

И 37 Балаларға арналған қызықты әңгімелер. Зейнел-Ғаби Иманбаев /
г. Петропавловск, Издательство «Северный Казахстан», 2013 г. - 52 б.

ISBN 978-601-7247-39-1

48913

«Балаларға арналған қызықты әңгімелер» жинағын құрастырушы -
Марал Зейнел-Ғабиқызы Оспанова 1951 жылы 23-шілдеде жазушы
Зейнел-Ғаби Иманбаевтың отбасында өмірге келген. Дәрігер, журна-
лист, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, ақын. «Қызылжа-
рым», «Сырлы сезім» өлеңдер жинағының, «Жақсының аты өшпес»
- жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев туралы кітаптің авторы.

УДК 834 (321)
ББК 84.7 Рус-Каз 5-2

ISBN 978-601-7247-39-1

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. Муканова

© З. Иманбаев, 2013
© Издательство «Северный Казахстан», 2013

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН ҚАУЫМ!



Бұл кітап кішкентай балаларға арналады. Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Ортақкөл ауылының тумасы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, қазақ жазушысы Зейнел-Ғаби Иманбаев балаларға арнап талай қызық шығармалар жазған. Оның жазғандары республиканың балалар басылымдарында сонау 1959 жылдан жарық

көре бастады. «Пионер», «Балдырған» журналдары және одақ көлеміндегі балалар журналдарында басылып тұрды. Жазушы балалардың мінез-құлқын, балаға ғана тән ерекшеліктерін, тәтті қылықтарын, бал тілдерін, кіршіксіз көңілдерін, әр нәрсеге таңдана қарап, бәрін біліп-көруге құштарлықтарын аңғарып, өзінің әр бір шығармасына арқау ете білген. Балаларды табиғатты сүйеге, еңбекқорлыққа, үлкенді сыйлауға, өнер-білімге жақын болуға шақырады. Өзінің көзі тірісінде балаларға арнаған кітабын жарыққа шығаруға үлгермеді. 2014 жылы жазушының туганына 90 жыл толмақ, соған арнап осы жинақты балалардың назарына ұсынамын.

Марал Зейнел-Ғабиқызы -
журналист,

Қазақстан журналистер
одағының мүшесі, ақын, дәрігер.

ЗЕЙНЕЛ-ҒАБИ ИМАНБАЕВ /1924-1987/



1924 жылы 2-қаңтар күні Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына қарасты (қазіргі Шал ақын ауданы) Ортақкөл ауылында туған. 1941 жылы Баян орта мектебін бітіреді де, денсаулығына байланысты, одан әрі қарай оқуын жалғастыра алмайды. Колхозда есепші болып істейді. Бірақ өздігінен оқып білімін көтереді, үнемі іздену, талаптану үстінде болады. Өлең жазады. Алғашқы өлеңдері облыстық «Ленин туы» газетінде /1940/ жарық көреді. З. Иманбаевтың тұңғыш әңгімесі - «Қанатты

өмір» 1953 жылы республикалық «Әдебиет және искусство» /қазіргі «Жұлдыз»/ журналында басылады. Содан былай қарай облыстық, республикалық газет-журналдарда әңгімелері, очерктері, повестері үнемі жарияланып тұрады. Жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев 22-қараша 1960 жылы Кеңес үкіметі Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданды, әдеби псевдонимі - Қаражігітов. Алғашқы әңгімелер жинағы - «Бастама» деген атпен Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1959 жылы басылып

шықты. Одан кейін «Сырымбет» /1960/, «Арлан» /1961/, «Дала көк-темі» /1962/, «Жирен сақал» /1963/, «Кішкене малшы» /1964/, «Кең аймақ» /1965/, «Жас шыбықтар» /1966/, «Солмайтын гүл» /1968/, «Нажағайлы түнде» /1970/, «Кіре-уке мерген» /1973/, «Айналайын, адамдар» /1975/, «Қыран түлегі» /1977/, «Дала әңгімелері» /1979/, «Құстар қайтып оралғанда» /1981/, «Ауыл түтіні» /1985/, «Солмайтын гүл» /1988/ атты повестері, әңгіме-лері мен очерктері жеке кітап бо-лып басылып шықты.

Зейнел-Ғаби Иманбаев өмірден оқыған жазушы. Әр қаламгер өмір сырына өз көзімен қарап, содан өзінше ой түйетіні белгілі. Осы тұрғыда нағыз шындықтан жаза баспауға тырысатын Зейнел-Ға-би Иманбаевтың тақырып шең-бері де ауқымды. Ол өзінің әңгіме, очерк, повестерінде ауыл өмірін, тың және тыңайған жерлерді иге-ру кезіндегі адамдардың қажырлы еңбегін, Ұлы Отан соғысы кезін-дегі тылдағы ауыртпалық, қиын-дықтар, әр түрлі мамандық иелері жайлы сөз қозғайды.

Зейнел-Ғаби Иманбаев өмірдегі елеусіз құбылыстардың өзінен тар-тымды әңгіме тудырып, тереңнен ой толғай білетін, тілге бай сөзге тапқыр жазушы.

Зейнел-Ғаби Иманбаев бала-ларға арналып жазылған көпте-ген әңгіме, повестердің авторы. Шығармаларының негізгі тақыры-бы - туған жердің тамаша табиға-ты, бала бойындағы кіршіксіз таза сезім, олардың аңқау да адал көңіл-дерінен туындап жатқан жайттар. Жазушы қай тақырыпта болмасын жас буынды Отанды сүйуге, туған жер табиғатын қорғауға, батыл-дыққа, ержүректікке, еңбекте та-банды болуға шақырады, достық, кішіпейілдік, тапқырлық, батыл-дық жайлы сөз болады.

Зейнел-Ғаби Иманбаев «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғы-сындағы ерлік еңбегі үшін» ме-далімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен;

«Тың жерлерді игергені үшін»; «Ерлік еңбегі үшін», В.И. Ленин-нің туғанына 100 жыл толуы құр-метіне; «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің отыз жылдығы»; «1941-1945 жылдар-дағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің қырық жылдығы» медальдарымен наградталған.

1987 жылы ұзаққа созылған ау-рудан қайтыс болды.

Жазушы қайтыс болғаннан соң да еңбектері жарық көруде, 2011жылы Алматыда «Қос қайың» атты әңгімелер мен повестер жи-нағы жарық көрді.

БҰЛ КӨКТЕМДЕ БОЛҒАН

(ӘҢГІМЕ)



Қаншық қасқыр емшектері салаң-салаң етіп жортып келеді. Маужыраған көктем түні, айнала тым-тырыс. Алыста мотор үні ғана болмашы ызындайды. Түнгі аспанда үзік-үзік қоңыр бұлттардың арасымен толған ай қалқып барады. Ойпаң жерлерге тұрған қақтар жалтырайды. Орман арасында әлі де қардың кірлеген қалдықтары жатыр.

Денесі арса-арса болып түлеген, арықтаған, бұратылған аш қаншық тоқтап тұрып тың тыңдайды. Жерге тұмсығын тосып ұзақ иіскелейді. Әлде қайдан желмен араласып көң иісі мұрынына келеді. Ол құйымшақ тұсының қопсыған жүнін тістелеп қасынды да, құйрығын

бұлаң еткізіп ілгері жортып кетті.

Қайда бармақ, мағынасыз жорту, бағыма қарай әлденелер кездесер деген бұлдыр үміт қана бар. Нәртатпағалы көп күндер болып барады. Өзі дүниеге келтірген кішкене күшіктерден әбден запы шекті. Олар есейген сайын борпылдата сорып мазасын кетірді, әлсіретіп жіберді. Кейде ызаланып, сығып тастамақ болып ар ете түседі. Қимайды, қайтадан керіліп жата кетеді. Тұмсықтары жыбырлап ауырсынады, сыңсиды... Арланы сол бойы оралмай кетті. Ол барда қоян, еліктің еті сияқты азықтардан ауыздары құр болмайтын еді. Қаншық арланға өшігулі, келе қалса сыбағасын бермек болып, азуларын

сақылдатып бірнеше күн тосты. Серігін аңшылардың тоспалап атып алғанын білмейтін.

Елсізбен әлі жүріп келеді. Алысырақта, дөң үстінде ауылдың оттары көрінеді. Самсаған өткір жарықтар кірпік қақпай күзетте тұрғандай. Далада гүрілдеген тракторлар жосып жүр. Көздері қараңғы түнді тіміскілейді. Ауа темір мен қоңырсы иіске толы. Қараңғы далада адам даусы талып еетіледі. Құйрығын қысып алып кейін қарай қаша жөнелді, хауіпті жерден ұзап алды. Үңгірге қайтқысы келеді, бірақ онда ашыққан күшіктері бас салып, жүрегін суырып жатқандай азаптайды.

Жолы болмаған, дәрменсіз қаншық шоқайып отырып алып ұлып берді. Зарлы үні өз маңынан да ұзамайды. Мұңын тыңдап үн қосар ешкім жоқ. Егеудей ысқаяқтанған тілімен жаланып алып жүріп кетті. Тағы бір белестен асты, ертеректе жүріп өткен адам аяғының болмашы ізі қалыпты, қайталап иіскеп көрді. Оған қоса тағы бір иісті - қойдың шайыр иісін сезді. Аштық қолқасын суырып азап шеккен қасқыр танауын көтеріп жорта жөнелді.

Демалыс күні шопанның балалары Әбілқайыр мен Қабдыраш қозылы қойларды Көкшеге жайып қайтпақ болды. Шуақ күн, аспанда мақтадай ақ бұлттар қалқып тұр. Жап-жасыл қырларда жыбыр қағып сағым ойнайды. Жүзге жақын қозылы қойды ауыл сыртындағы еңіске беттеткен балалар қозылардың сарғалдақтарды қуалай жүгіргеніне тамашалай қарайды. Жас төлдер көк майсаға, рахат дүниесіне қуанғандай кішкене тұмсықтарын көтеріп ойнақ салады.

Әбілқайыр татар кескіндес, көкшіл көз, сары бала, ал інісі Қабдыраш жалпақ бет, бадырақ көз, қараторы болатын. Мектеп есігін өткен жылы ашқан кішкене Қабдыраш екі жас үлкен ағасынан өзін ақылсыз санамайтын. Ол кейде атасының даусына салып Әбілқайырға ұрсып алғысы да келеді.

- Сен баққан қозылардың бәрі маубас, күтімі нашар болды, - дейді ол қабақ шытып.

- Оны қайдан білдің? - деп сұрады ағасы.

- Менің баққан қозыларым ойнақ салады, сенікі тұмсығын көтереді де қояды.

Әбілқайыр күліп жіберді.

- Солай ма, жас төлшілер клубынан сыйлық алған сен бе, мен бе?

Бұл тұста Қабдыраш үндемей қалды. Шындыққа дау айта алмады.

Әбілқайыр сағымды далаға қарап ұзақ тым-тырыс жатты. Жанына қисайған інісі де өзімен өзі болып әлде неге күлімсірейді. Тұмсық астында балғын шөп пен жер иісі аңқиды. Созылған кең далада, қарауытқан егіс даласында сұрғылт шаңдағын ерткен тракторлар көрінеді. Олар мың құбылған сағымға оранып бірде сопайып биіктеп кетеді де, бірде ортасынан үзіліп жаңқадай қалқиды. Көгілдір орман су ортасындағы селдір құрақтай қалтырайды.

Айналада торғайлар аспанға кезектесе көтеріліп тынымсыз әндетеді. Көрікті көктем әуеніндей естілген осы үн бір сәтке тына қалды. Бозторғай біткен көде арасына бұғып, айнала тым-тырыс болды. Кішкене ғана тарғыл құс қанаттары суылдап балалардың үстінде, төмендеп ұшып тіміскілеп жүр.

- Әне-әне... Қуып кетті, ұстайды-ау енді!

- Ойбай, Әбілқайыр, ананы жеп қоя ма?!

Балалар сабырсыздана қарайды.

Қырғи көде арасынан тұрғызып алған бозторғайды өкшелей қуып екі рет қағып ілектіре алмайды. Торғай бұға жалтаруды қойып, көкке тік атылып биіктеп кетті. Қуғыншысы да шырлады, бірін-бірі қақпақылдап шексіз аспанға ұзап берді.

- Айлакерін-ай!

- Түу, мына торғай қалай ақылды еді!

- Ұстатпаса жарар еді!

Көзді ашып - жұмғанша қайтадан төмен құлдырады, бұлардың төбесіне қарай зымырап келеді. Қырғи қайта- қайта жайқап өтсе де, торғай жалтара ұшып төмендеп қалды.

- Бері қарай ұш, біз сені аман сақтаймыз. Бері-бері...

Балаларға қол созым қалғанда тарғыл құс кішкене сары аяқтарымен қағып алып ұшып кетті, шырылдап барады. Бұрқыраған қауырсындары тымық ауада қалбалақтай жөнелді. Сүйкімді құстың өлім алдындағы аянышты даусы жыртқыш ұзағанша естіліп тұрды.

Қабдыраш жасқа толы көзімен ұзатып салып, «өлтірді, жеп қойды!» - деп еңіреп жылап жіберді.

- Әу, саған жол болсын, торғай үшін де жылағаның ба? Жүр, одан да саршұнақ аулайық, - деп ағасы орнынан тұрды.

...Балалар ондаған саршұнақты өлтіріп ауылға қайтқанда күн кешкіріп қалған еді. Көкмайсаға жайылған қозылы койлар біртіндеп ауылға беттеп бара жатты.

Ағайынды екі бала демалыс күндерін қызықты өткізгеніне шексіз қуанышты еді. Бірақ, үйге келгенде үлкен көңілсіздіктің үстінен шықты. Төлшілер малды түнгі орынға жайғастыра келіп, сарқұлақ қозының жоқтығын айтқанда Әбілқайырдың жаны түршігіп кетті. Жақында туған жас қозы малдан қалып қойыпты. Қалай аңғармады екен? Бағына қарай, атасы үйде жоқ болатын. Әбілқайыр мал өрісіне қарай жүгіре жөнелді, жан ұшырып келеді. Кешкі салқын самал жел құлақ түбінен зу-зу етеді, денесі қалтырап тоназығандай болады. Көңілінің хоштығы жоқ, іші әлем-жәлем, ұяттың жалынына шарпылған.

- Енді не болды, балалардың да, үлкендердің де бетіне қарағысыз болдым-ау! Ертең ғой балалар мазақтап күледі. Ұят- ай. Ұят-ай!

Күн әлдеқашан батып кеткен. Батыс көкжиек бұлтсыз. Шыңырау аспандағы өркеш-өркеш қоңыр бұлттардың жоғарғы қабаты қанға малғандай қызарып тұр. Алыста, түнерген көкжиекте нажағай оты жылт ете қалады. Бала жүдеу көңілмен осылардың барлығына жалтақтай қарайды. Еңсені басқан мына қатпар қара бұлттардың тапжылмай тұрғанын көрмеймісің. Олар жұлма-жұлма болып әр түске ауысады. Кейде бақабас сүзеген бұқа кейіпіне келеді. Кейде шөгіп жатқан қара нарға ұқсайды. Қорқып келеді, жылап келеді.

Бозалаң аспанда күміс жұлдыздар көріне бастады. Әбілқайыр өрістегі бар бұта, төмпешіктің арасын түгел сүзіп жүр. Сарқұлақ қозы зым-зия жоқ. Қараңғылық қоюлана түсті. Осынау қырдың астынан болса керек, аш қасқырдың өлім-

сіреген мұнды даусы естіледі. Түн кезген жалғыз бала қорқып қалтырап кетті. «Енді қайттім, үйге кетіп отырсам ба екен? Жок, олай ете алмаймын. Қалайда табуым керек» деді, Әбілқайыр қайраттанып.

Айналаға құлақ түріп аз тұрды. Қозыны шақырып қайта-қайта айғайлады. «Әлдеқайдан түн құстары ысқырып жауап қатады. Қасқыр үні де басылды. Күндізгі қой жайған сай алыста артта қалды. Алда көлденең дөң жатыр. Дөң үстіне шарпы бұлттарға сүңгіген айдың көмескі сәулесі түсіп тұр еді. Шұбалған ақ ит жөнеле берді, арқасында өңгеріп алғаны бар. Әбілқайыр айғайлап тұра ұмтылғанда, ит аңырып, аз бөгелді. Арқасындағы зат қозғалып, маңырағандай болды.

- Қасқыр қозыны әкетіп барады! - деген ол күшін жинап соңынан жүгірді. Буындары құрып, болдырып келеді.

Аштықтан әлсіреген қаншық қасқыр бірде аяндап, бірде бүкеңдейді. Кішкене қуғыншыдан онша қысылмайтын сияқты. Өлсе де жемін тастағысы келмейді. Ұры ай астымен ұзай түсті. Баланың кішкене кеудесі қысылып, дәрмені қалмады. Ол ақырғы күшін сарқып әудем жер жүгірді де, алқынып отыра кетті. Орнынан тұра алмай қалды. Әлден уақытта зар қағып маңыраған жас қозының даусы естілгендей еді...

...Қаншық қасқыр бұлқынған қозының аяқтарын қапсыра тістеген бойы жата ғап тобылғы арасына кірді. Аузындағы қозының сирағын сол бойы шайнамай жұтып жіберсе, көптік қылмайтын сияқты. Қабысқан қарны ашып, сілекейі шұбырып келеді. Бұлқынтып өуре қылғанша жартысын қылғып

жібергісі келеді. Оған қаншықтың батылы жетпейді. Ұядағы күшіктеріне тірідей апарып жемді қалай ұстауды көрсету керек.

Жыртқыш аузы ырсыып қуанып келеді, жүрген сайын шолақ құйрығын бұландата түседі. Қуғыншының да даусы талмаусырап барып өшіп қалды. Мекеніне тез жетіп, мына балдай тәтті қозының қызығын көруге асығады. Сарқұлақ қозы қаннен қаперсіз көк шуда жонда сұлап жатыр.

Қасқыр тобылғы арасымен аяндап келе жатты. Алда қарауытып орман көрінеді. Ол енді кеп ұзамай өз мекенінде болады. Ол кенет аяқ астынан шақ-шақ еткен көп дауыстардан сескене қалды. Тобылғы арасынан мысықтай сары аңдар тап бола кеткен еді. Олар қоршап алып шақылдап тұр. Аттауға жол жоқ, жемін тастағысы келмейді, аузынан босатса мыналар тартып кетер деп қорқады.

Қаншық сәл аңырып тұрды да, кимелей жөнелді. Оқтаудай жараған үлкен қызыл сарысы оқтай атылып жармаса түсті де, аяғының асықтай бұлшық етін жұлып алды. Күзендер қаншыққа жабыла түскенде, босанып кеткен қозы талтақтап қаша жөнелді. Ал аш қасқыр да күзендердің екеуін сығып лақтырып жіберді. Үшіншісі ұртына жармасып сүлікше қадалып қалды. Ұртына жабысқанды соққылап жатқанда, үлкен қызыл сары арқасына атқып шығып, мойнына жабысып алды. Арық желкесін өткір тістерімен қиғылап берді. Ышқынған қаншық түн тыныштығын үркіте гүрілдеп, аспанға тік шапшыды. Жабысып алған пәледен құтылмақ болып жерге жата қалып аунады. Кү-

зен қадалған бойы айрылар емес. Басқалары да жығылған жауға жармаса кетіп шайнай бастады. Қаншық ақтық күшін жинап қайта секірді. Бұл жолы омақаса құлап тұра алмады...

Қозы зар қағып күңгірт даламен жүгіріп келеді, Әбілқайыр зорға дегенде ұстап алды. Қарап көрсе

еш жерінде жарақат жоқ. «Қасқыр аузына түсіп те қозы аман құтылады екен-ау! Бәлкім, сарықұлақты қасқыр арқалап кетпеген болар... Бұл қалай болды екен?..»

«Пионер» журналы, №3,
1959 жыл.

ҚАБДЫРАШ АҢШЫ

Жеті жасар Қабдыраш қара күшігін жетектеп, ауылдан шықты. Күн бүгін жылы. Жіпсік қар аяққа батпақша жабысады да, жүрісті ауырлатады. Қабдыраштың иығында асып алған ойыншық мылтығы бар. Ол өзінің осы кейпін аңшы Сұраған атайға ұқсатып, іштей мәз болып келе жатыр. Жалбыр жүн қара күшік салпылдаған құлақтарын елең-елең еткізіп олай-былай із кесіп жүргендей болады. Бұлар біраздан соң тоғайға келіп кірді. Қара күшіктің бұдан әрмен барғысы келмейтін тәрізді. Жұлқа тартып, үйге қашпақ болады. Бірақ Қабдыраш оны жібермейді, әкесінің дауысына салып, ұрсып қояды:

- Өзінді сабап алса, обал емес, - дейді.

Қара күшік тегін күшік емес, Сұраған аңшының қара тазысының баласы. Құйрығының үші ақ, төсінде де ағы бар, ұрты салбыраңқы, енесінен аумайды. Ал Қабдыраш болса, Сұраған аңшыдан аумайды. Бірақ Сұрағанның құндағы жарылған қара мылтығындай емес, бүнікі заводтан жаңа шыққан, өлі су жаңа, қағаз оталғышты салып, басып қалса, тырс етіп атылады.

Қабдыраш біртін-біртін орман ішіне сұғына түскен сайын күн

кешкіріп бара жатқандай, төңірек қарауыта берді. Батырың енді елеңдеп, қорқайын да деді. Бірақ аңшының құр қол қайтуы ұят емес пе? Жіп сүйреткендей жіңішке ирек-ирек тышқан іздері бұлардың алдын жиі кесіп өтеді. Үлкенірек бір аңның ізін, Қабдыраш түлкінің ізі болар деп ойлады.

- Жолдаяқ ал ізде! - деді күшігіне. Бірақ күшігі оның не айтқанын түсінбеді, тайралаңдап, жата қалып, еркеледі. Қабдыраш мылтығын оңтайлап ұстап, қаспақты мұрнын тартып-тартып қойды. Дөңгелектеу сары жүзі тершіп, қызара түскен.

Міне Қабдыраштың алдынан баппен аяңдап өткен аңның, шай кеседей ерекше ірі ізі кездесті. «Ого, мынау қасқырдың ізі болар» деп, ойлады Қабдыраш. Тырнақтары қарға батып-батып кетіпті. Қара күшік, ізді иіскеп-иіскеп қойды да, бір қорқынышты сезгендей қыңсылап, Қабдырашқа тақала түсті. Іштей өзі де сескене тұрып, Қабдыраш итіне жұбату айтты:

- Ой, ақымақ, мына мылтық тұрғанда қасқырдан қорқа ма екен, атып аламыз.

Қабдыраш әлгі арада бөгеліп біраз тұрып қалды, бозарыңқы көз-



дері айналаға жалтақ-жалтақ қарайды. Орманға едәуір ұзап кіріп кеткенін енді байқады, алды-артының бәрі сидаң ұзын ағаштар. Кенет оның көзі бір түп тобылғының ар жағында қалқиған екі құлаққа түсті. Тесіліп қарай қалды,- қоян. Иә, қоянның тап өзі. Бүлкен-бүлкен етіп, әрмен қарай жүгіріп барды да, тоқтай қалды. Түсі қардан аумайтын середей ақ қоян екен.

-Айт! Айтақ! - деп, Қабдыраш күшігін жұмсамақ болып еді. Бірақ тамағы тығындалып қалғандай даусы шықпады, Ұштары қара, едірейген екі құлақ тікірейіп, міз бақпайды.

Қабдыраштың бойын кенет өжет бір сезім билегендей, мылтығын тез «оқтап», қоянды көздеді. Басты шүріппені! Орманның іші гүрс ете қалды. Қабдыраш та, қара күшік те селк етті. Үлкен қоян орнында тыпырлап жатыр...

Не болып қалғанына түсіне алмай Қабдыраш сілейіп тұр. Сол кезде ар жақтан тымақ киген біреу

жүгіре шықты. Тыпырлап жатқан қоянды жерден салбырата көтеріп алып бауыздай бастады. Бұл Сұраған аңшы екенін Қабдыраш енді таныды. Қуанғаннан:

- Ата! Ата! - деп, айқайлап жіберді.

Сұраған аңшы Қабдыраштан мұнда қалай келгенін, неғып жүргенін сұрады.

Біз қара күшік екеуміз аң аулап шықтық, - деді Қабдыраш.

- Аң аулап шықсаң, ақжолтай болдың. Мә, мына қоянды шешене апар. Аңшылық өнеріңнің тырнақалдысы осы болсын, - деді Сұраған.

- Ата, бұны атып жыққан кім, мен бе? - деп сұрады Қабдыраш.

- Әрине, сен.

Қабдыраш сенерін де, сенбесін де білмеді.

Суретін салған Н. Казанцев
«Балдырған» журналы, №2,
1960 жыл.

ЕРКЕБАЙ ТРАКТОРШЫ

Еркебай сырма шапанын киіп, белін буды, жақында ғана тіккізген кішкене былғары етігін аяғына киді. Құлақшынының бауын жоғары көтеріп байлап алды. Ол енді өз әкесіне көбірек ұқсап кетті. Осынша жылы киімдерді тек әкесіне ұқсай түсу үшін ғана киген еді. Ондайда кәрі әжесі:

- Еркебай әкесінен аумайды, ол киімдерін әкесінше киіп жүреді, - деп қуанып қалады.

- Несі бар, киімдерімді киіп жүремін, мен әкем сияқтымын, - деп ол ойыншық тракторының кішкене орындығына отырып алып қопандап қойды.

Бұл тракторды Рысжан ұстаның көмегімен қаңылтыр қорапшадан өзі жасап, шестернядан доңғалақ орнатқан, түтін шығатын кішкене мұржасы бар.

Еркебай тракторын итеріп тысқа шықты, шеті ирек-ирек доңғалақтары айналған сайын қаңылтырға тиіп тыр-тыр етеді. Тракторы кешегіден бүгін қызық болып көрінді. Әкесінің тракторындай дырылдайды, жеңіл жүреді. Бір айырмасы - өз бетімен емес, итермелесе ғана жүреді.



Еркебай тракторын сүйреп ауыл шетіндегі дөңеске шығып аз қарап тұрды. Күн көзі тас төбеде. Жаңа көктей бастаған жазықта сағым ойнайды. Сол тұста тракторлар жер жыртып жүр. Оны жүргізіп жүрген Еркебайдың әкесі.

Еркебайдың алдында да сонау көгілдір бұлаққа қарай көлбеген ылди бар. Өткен қыс осы жерде шанамен сырғанақ тепкенін есіне алды. Еркебай байқаусызда тракторын аяғымен қозғап қалғанда төмен қарай зырлай жөнелді. Дырылдап барады, жеткізер емес. Сасқалақтаған Еркебай артынан зорға жетіп асыла кетті. Сол кеткеннен ұшыртып отырып, ойдағы бұлақтың ернеуіне барып бір-ақ тоқтады.

- Алақай, қызық болды, - деп айқайлап жіберді. Ол енді тракторды жетектеп тағы дөңге көтерілді, тағы дырылдатып төмен қарай жүгіртті. Енді өзін нағыз тракторшыдай сезінді. Кішкене тұтқаларды кезек жұлқып оңға-солға бұрды, артқа қарап қойды. Қырлы доңғалақтың іздері түсіп қалып жатыр. Еркебай жер жыртып жүр, әкесіндей тракторшы жігіт болып шықты. Жүгіріп қаспақ мұрын Қалқабай келді. Ол бұдан бір жасы кіші, бесте болатын. Күліп қуанып тұр, қызығып тұр. Басқа балалар да келіп тамашалай қарасты.

Еркебай тракторына отырып Қалқабайды жанына шақырды:

- Кел, сен тіркеуші боласың, мен тракторшымын.

Қалқабай мұрынын жеңімен сүртіп тартынып еді, жанындағы балалар итермелеп зорға көндірді. Қалқабайды артына мінгестіріп,

төмен қарай құлдырай жөнелді. Қалқабай алғаш қорықса да үйреніп алды. Енді жүре бергісі келді. Балалардың барлығы да «тіркеуші» болып төмен қарай құлдырауға құмартты.

- Еркебай, біз де тіркеуші боламыз, біз де! - деп шуласты олар.

*«Балдырган» журналы №7,
1960 жыл*



АЙҚАС

Жуан қарын торы биенің тізесіне түскен қара жалы бар, жер сызған мол құйрығы бар. Көзінің біреуі сонаның көзіндей аппақ, екіншісі мөлдіреген қоңыр. Жұрт оны шағыр бие деп атайтын. Қазір пүлістей жылтыраған жұмыр сауырына қонған шыбын-шіркейлерді құйрығымен қағып, оттауға кірісті. Жанында жас құлыны жүр. Құлыншақтың жібек жалын жел желпиді. Кішкене құйрығын тез-тез оңға-солға сермейді. Енесін айнала шауып ойнақтайды. Осынау әдемі дүниеге келгеніне қуанады. Ойынға қызығып ұзап кетсе, енесі оқыранып соңынан барады.

- Алыстап кетпе, адасарсың, жазым боларсың, - дегендей болады. Құлыншағын өзінен басқаның бәрінен қызғанады. Жандарында көсіліп ақ күшік жатыр. Қалың шалғыннан күшіктің жотасы ағарып көрінеді. Аты Майлыаяқ, жұрт күшік дегенмен ол үлкен ит. Ұрты салбыраған, сымпыс құйрық, оң жақ құлақшесі бояп қойғандай қап-қара, жасқа толған қарулы ақ төбет. Ит өткір сарыала көздерін құлынды биеден аудармайды. Күннің ыстығынан жұқа

тілін шығарып жіберіп, солқ-солқ етеді. Аспандағы жұлма-жұлма ақ бұлттарға зеріге қарайды. Құлынды жақсы көреді, онымен ойнағысы келеді. Бірақ енесі жолатпайды. Тақымының түлеген жүнін тістелеп қасынады да күшік амалсыздан қайта жата кетеді. Күннің аптап ыстығынан шөлдейді, тілін тартып алып жұтынады. Ызындаған шіркейлерді қағып алмақшы болып азуларын сақ-сақ еткізеді. Жылтыр қара тұмсығын көтеріп, сонау мұнартып тұрған ауылға қарайды.

Күшік аласа бойлы сары бала Нұржанды сағынады. Көрмегелі бірнеше күндер болып барады. Кеудесіне секіріп еркелегісі келеді. Нұржанның пионер лагеріне ұзақ уақытқа кеткенін қайдан білсін?!

Күшіктің қарны ашып әбден сусаған кезі еді. Ол ауылға қарай жорта жөнелді.

Торы бие күн бата тоғай арасына кірді. Жиегін жалбыр талдар көмкерген Есіл өзені сылдырап ағып жатты. Бетіне айдың дірілдек сәулесі түсіп тұрды. Көлемі киіз үйдей болып бұтақ жайған көрі үйеңкінің түбіне келіп, бие ұзақ үйкеленді

де, құламадан түсіп, суға бас қойды. Одан өрге көтеріліп, шалғында жайылды. Уызға тойған торы құлын көсіліп ұйықтауға жатты. Үстінде ұсақ сүр шіркейлер шалқи ұшып, ызың-ызың етеді. Енесі жұмсақ ақ тілімен бірер жалап, жу-сауға кірісті.

Шағыр бие басын көтеріп алғанда, алдында тайшадай көк ит тұр еді. Осқырына қарады, құлағын қайшылап, кетік-кетік жалпақ тұяғымен жер тарпыды. Көк ит бір жатып, бір тұрады, еркелейді. Құйрығын бұлаңдатып, мүсәпірсіп жақындай түсті. Бие тынышталайын деді, жерге бас қойды. Құлыншақ керіліп алып, итке жақындаңқырап барып, иіскелеп көрді. Бейтаныс ит құлынның танауынан жалап, еркелеп алдап тұрып, алқымына жармаса түсті. Құлыншақ шыңғырып аспанға секірді. Енесі бас салып, көк итті тарпып жіберді.

Бұл жауыз қасқыр еді. Бие құлынның қорғап, айнала қуды, қара тер болды. Қасқыр қыбын тауып, жас құлынды жеп кеткісі келді. Құлын-

шақ енесінің бауырына тығылып шыр-шыр етеді.

Ай бұлт астына тығылып қара түнек басты. Қасқыр жалақтап құлынды биенің алды-артын орады, жанталасты. Қалайда дегеніне жетуге қалды. Осы кезде ауыл жақтан шауып келген Майлыаяқ қасқырға жармаса кетті де, алып ұрды. Қасқыр жан ұшыра атып тұрып тоғайға қарай бас сауғалап қаша жөнелді. Қуып кеткен Майлыаяқ аздан соң тал арасынан сылаң етіп шыға келді, үсті-басы қан-қан, құлағы жырылып қалыпты. Келе шағыр биенін тұмсығына секіріп, еркелей бастады, қыңсылады. Өзінің ауылға кетіп кешігіп қалғанына кешірім сұрағандай болды. Майлыаяқтың өжеттігіне риза болған бие оқыранып қоя берді.

Майлыаяқ айнала шапты, секірді. Ол шексіз қуанышты еді. Енді Майлыаяқ жүрген жерге жауыз қасқыр қарасын көрсете алмайтын болды.

«Балдырған» №2, 1961 жыл.



ОРМАН ТҮРҒЫНЫ

Айсыз түн. Орманның іші. Үлкен қара дене мүйізі тармақ-тармақ болып, баяу қозғалып келеді. Бұл - орман тұрғыны тағы бұлан еді.

Ол тоқтады да, әлуетті мойнын жуан қайыңға үйкелеп ұзақ тұрды. Сөйтіп ілгері бір аттады... Ілгері бір аттауы-ақ мұң екен, сырғанай жөнелді. Атқып кетпек еді үлгері алмады. Ауыр денесі солқ етіп төмен қарай түсіп кетті. Тар үңгірге барып, кептеліп қалды.

Ағашы шіріп, аузы опырайған соқыр құдықтың ішіндегі бейкам құрбақаларды шошытып жіберді. Олар құдық түбіндегі зәңгіл тартқан сасық суды мекендеп зерігіп болған еді. Көк аспаннан басқаны көрмейтін. Мына түсіп кеткен алып махұлық тар қуыстың астан-кестеңін шығарды. Тынып жатқан қойыртпақ суды аяқтарымен есіп-есіп жіберді.

Бұланның үлкен қоңыр бұқасы бар қайратын жұмсап арпалысты. Қапылыста кездескен пәледен құтылуға тырысып бұлқынып бақты. Бұлқынған сайын ескі құдықтың ернеулері опырылып төмендей берді. Таң атқанша ештеңе өндіре алмады, босқа қара тер болды.

Құдық үстіне төніп тұрған қайыңның жасыл жапырақтарына күннің алтын сәулесі түскенде тұстұстан құрбақалар аңдып шықты. Бөрінен батылырақ, көпті көрген кәрі құрбақа бұланның арқасына секіріп шықты. Одан мүйіздерінің тармақтарына шығып алды. Ол аңдардың алыбы бұланның мүйізіне шығып алғанына мәз болды.





Күн артынан күндер өтті. Бұлан аштық пен шөлден қажып болды. Қараңғы түскесін кең кеудесінен үгілеп қоңыр дыбыс шығарады. Мөңірегені төңірегінен ұзамайды.

Ауылдан шалғай ескі қыстау болғандықтан мұнда адамдар көп келе бермейтін, бүгін бір топ балалар бүлдірген теріп жүріп құндықтың үстінен шықты.

Ең жүйрікпін деген екі бала балағын түрініп жіберіп, жақын жердегі малшыларға тартты. Көп уақыт өтпей-ақ хабаршы балаларды ертіп, екі атпен Есембай қарт келіп жетті. Атай құдықта жатқан бұланды көріп:

- Ойхой, жануарым-ай, түздің бұласы едің, мына күйге түсірген аңқаулығың ғой!-деп, мүсіркей сөйледі.

Атай құдықтың жиегін тайқита қазуға кірісті, балақайлар да жан аямай көмектесті. Құдық жиегі аршылып бұланның кең омырауы мен арқасы көрінді. Өз бетімен бұлқынып шығуға дәрмені жоқ болатын. Есекең аттарға қамыт салып, арқанмен тартып шығарды. Арқанды шешіп үлгерісімен бұлан орнынан атып тұрды да бұтақ мүйізді басын шайқап сілкініп жіберді. Сөйтті де күн нұрына шомылып тұрған жасыл орманға қарай атқып жөнелді. Ұзап бара жатып бұрылып артына қарады, рахмет айтқандай болды.

*Суреттерін салған
Ю. НЕНАХОВА
«Балдырған» журналы №12,
1961 жыл*

ТҮЛКІ МЕН ҚОЯН



Аш түлкі інінен шықты. Тоғай арасында талай күн жортса да, аузына ештеме іліге қоймап еді. Еріген қар мен тасыған судан бас сауғалап, тышқандар індеріне тығылып қалыпты. Бұрын қар астына жасырылатын қара құрлар ағаш басына шығып кетіпті.

Түн қараңғылығын пайдаланып, түлкі тағы жем іздеуге шықты. Жел уілдеп тұр. Тал басы елбең қағып, үйеңкілер толассыз теңселеді. Тоғай шетіндегі жарқабақ астында гүрілдеп сең жүріп жатыр.

Есіл өзені тасып жатыр.

Түлкіге де керегі - осы. Ағаштың шуылы, өзеннің гүрілдеген үні түлкінің сыбдырын білдірмейді. Түлкі күртіктен күртікке секіріп, енді бірде аппақ тамағын жерге төсеп жата қалады. Сүп- сүйір тұмсығын желге тосып, иіс алады. Бір кезде жыртқыштың көзі ұшқын шашып, тұра қалды. Ол алдында бір аң батын сезді. Түлкі жерге жабыса, ілгері жылжыды да, шоқ талға қарай атылды. Ұйтқыған жел жаңылдырды ма, түлкі мезгеген жерінен асып түсті. Тушадай ақ қоян тал түбінен ата жөнелді.

Қоян алда, түлкі артта, шытырман жыныс, нулардың арасымен құйындатып келеді. Шошынып, бет алды қашқан қоян бір кезде

Есілдің жарқабағына келіп, кілт тоқтады. Жалақтап, түлкі де жетті. Қоян сең үстіне атқыды. Түлкі де соңынан секірді. Екеуі мұз үстіне қатар түсті. Қатты ағын сенді жүлқып ала жөнелді.

Тулаған толқында үйдей сеңдер жаңқадай дөңгеленіп, күтір-күтір омырылады. Енді қояннан да түлкіден де ес кетті. Қоян бишара жырық ерні салбырап, қалш-қалш етеді. Түлкі тұмсығын мұзға төсеп, бұға береді.

Сендерге соғыла-соғыла, бұлар отырған мұз бірте-бірте кішірейе берді. Сең үсті тарылған сайын қоян мен түлкі бір-біріне жақындай түсті. Енді бір кезде екі дұшпан бір-біріне тығылды. Қымсынар қоян жоқ, қайта түлкіні ес көргендей. Сөйтіп су апаты олардың жаулықтарын ұмыттырды.

Есіл арнасынан асып, алқапқа лап қойды. Көп ұзамай, тоқымдай мұз бір қыраттау жерге шықты. Сол кезде қоян құрғаққа қарай атылды. Түлкі де оның соңынан секірді, Қоян қырға шоқандай жөнелді. Түлкі су болған жүнін сүйір тілімен жалап отырып қалды.



Суретті салған Д. Безруков
«Балдырған» журналы №7,
1963 жыл.

КІШКЕНЕ МАЛШЫ



Қази ағай, үркек көкке арба салып, кешқұрым жайылымға аттанды. Кішкене баласы Серікті бірге ала кетті. Баланың қуанышы қойнына симайды. Айналаға қызыға қарайды. Алда көк орман. Жол бойы түгел жайқалған бидай. Ауа қандай таза.

- Әке деймін, дала қандай оңды! - деп, Серік әкесінің жеңінен тартқылайды.

- Иә, балам, туған далаң қашан да оңды! - дейді ағай, алысқа көз жіберіп.

Міне, өзек бауырынан мал көрінді. Вагон-қосқа келіп, ат басын тіреді.

Торлаған жауын бұлтынан айнала ө дегенше қараңғы тартты. Нажағай оты жыпылықтап қояды. Әкелі-балалы екеуі қосқа кіргенде, вагоншенің іші қара көлеңке еді. Қази ағай шам жақты. Пешке от тұтатып, шай қайнатты. Серікке қостың шайы үйдегіден де дәмді болып көрінді. Әкесі шекпенін киіп белін буды да, тыпыршып тұрған атына қарғып мінді.

- Серікжан, менің тоныма оранып ұйықтай бер. Оянғанда, анау бұзауды байқай саларсың, - деді де жортып кетті.

Қос ысып кеткен соң, Серік тілдей есікті ашып қойды. Сыртта орман қарауытады. Бұлт бүркеп, жұлдыздарды да көрсетпейді. Әлде қайдан сиыр мөңіреді. Әкесінің айғайы естіледі. Бұзау да жалынышты дауыспен қайта- қайта мөңіреді.

- Байлаулы жатып азып кетеді-ау, семірмейді ғой! - деп аяды бала. Дорбадан бір кесек нан алып аузына тосты, жемеді. Тонға оранып, қайта жатты. Бір сәтте басын көтеріп, тысқа қараса, қызыл бұзау мойын жібін сүйретіп, қосты айнала шапқылап жүр екен, шешіліп кетіпті. Байламақ болған Серіктен үркіп, ағаш арасына қаша жөнелді. Бала жіптің ұшынан тартып, көп жерге дейін тырмысып еді, қараңғыда сүрініп құлап қалды. Бұзау ұзап барады.



- Қалыңға кіріп кетсе, таба алмаймын- ау, қасқыр жеп қойса қайтем, - деп, Серік ыза болып, жылап жіберді. Жас толған көзін бұзаудан айырмай, жүгіріп келеді. Бұзау мұнда дегендей, нажағай жарқ ете қалады да, артынан тас қараңғылық орнайды.

- Әукім-әукім, ауға-ау! - деп, үні біткенше айқайлайды.

Бұзау ағашты жиектеп қашты. Ақыры шоқ талдың іргесіне келіп, құлақтарын қалқайта қойды. Әлде неден үріккен сияқты. Бүйірі, солқ-солқ етеді. Серік «әу- кем-әукем» - деп, жақындай берді. Сүйреткен ұзын жіпке қолы жеткенде, тағы ыршып түсті.

- Енді сенен өлсем де айырылмаспын! - деп, бала жіпті беліне орап алды. Бұзау кейін тартады, Серік ілгері сүйрейді. Алыста қостың әлсіз жарығы көрінеді. Қап-қара бұлт төніп келеді. Нажағайдың жарқылы жиілеп, аспан дүңгір-дүңгір етті. Мұздай суық жаңбыр құйып кетті. Бәрінен қорқыныштысы нажағай болды.

Аспан сатырлап сынып, күлпарша болып түсіп жатқандай. «Бұзауды тастап, қосқа жүгіріп кетсем, қайтеді», - деген бір ой келіп еді. «Жо- жоқ, малшы олай етпейді», - деді.

Бір кезде алысып жүріп бұзауды қосқа жеткізді-ау.

«Балдырган»,
1963 жыл



ЖЕКПЕ-ЖЕК

Қыстың жайлы бір жылы күні еді. Қыр үстіндегі ауылға қарай асықпай келе жаттым.

Бір кезде сай ішімен бірін-бірі қуалай зытып бара жатқан екі қараны байқап қалдым. Алдыңғысы тушадай аң қоян да, кейінгісі қырдың қызыл түсті арлан түлкісі екен.

Түлкі өкшелей қуып жүр. Қоян да жеткізер емес, аяқтарын аянбай сілтейді. Кенет ол оқ бойы ойқастай берді де, ойламаған жерден бұғып жата қалды. Мұны күтпеген түлкі екпінін баса алмай төне бергенде, ақ қоян артқы аяқтарымен бар пәрменімен оның төсінен салып жіберді. Түлкі шалқалақтап барып, қайта ұмтылды.

Ашық алаңдағы ақ қар үстінде қызу айқас осылай басталды. Түлкі өткір тісті азуын қоянның әр жеріне аямай-ақ салып жүр. Бірақ оны елер қоян жоқ, ол да өзінше қару жасап, әлді дұшпанының қи-

мылын аңдып жүріп, оны не тістеп, не теуіп қалады.

Айқас біраз уақытқа созылды. Бір кезде қызыл түлкі ұзын құйрығын бір бұлаң етті де, ақ қар үстіне аунап түсті. Сол сәтте орғып түскен қоян да қалың шіліктің ішіне сүңгіп кетті.

Мен тақап келгенде, түлкі шалажансар халде екен. Бейшараның ішегі шығып, шұбатылып жатыр.

Қоянды қан шашыраған ізіне түсіп, әлгі шілік ішінен таптым. Ер қоян ұзынынан түсіп өліпті. Денесінде жарадан сау жер жоқ, қып-қызыл қанға боялған.

Дүниедегі ең қорқақтардың бірі - қырдың ор қояны мұндай ерлік көрсеткеніне қайран қалып, мен сол арада біраз тұрып қалдым.

*«Балдырған» журналы №12,
1964 жыл*



КӘРІМ - ЖАЛТАҚБАЙ

Орыс тілі пәнінен жатқа жазу сабағы жүріп жатқан.

Кәрім соңғы сөзді жазып болып, қайта оқып шықты. «Морковь» деп ішінен әлденеше айтты, дұрыс жазылғандығына сене алмай отыр. Көрші баланың дәптеріне қарап еді, «мөрковь» деп жазыпты. Солай бір түзеп қойды да, «Қайкен қалай жазды екен деп?» мойнын созып, алдыңғы баланың дәптеріне үңілді. Ол «мөркөв» деп жазыпты.

«Әй, осының жазғаны дұрыс болар» деп ойлаған Кәрім «О» әрпін

«Ө» ге түзетіп, мұғалімге дәптерін тапсырды.

Келесі күні мұғалім:

- Өз күшіне, өз біліміне сенбей, жұртқа жалтақтаған Кәрім бір сөзден үш қате жіберіпті, сондықтан екілік алды,- деп, хабарлады балаларға.

Оқушылар ду күлді.

Содан бастап Кәрім де жұрттың дәптеріне қарамайтын болды.

*«Балдырған» журналы №9,
1965 жыл*



ЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Ертеде, жаугершілік заманда талай жорықтарға шығып, елін жаудан қорғаған Бөгембай деген бір батыр көп жасап, жүзден асыпты. Бертінде қарттық жеңе бастап, үйінде отырып қалыпты.

Бірде халін біле келушілердің бірі:

- Батыр, көп жасап, көп көрдіңіз. Үбірлі-шүбірлі болдыңыз. Сізде арман жоқ шығар, - дейді оған.

Сонда, қарт батыр:

- Ей, шырақ-ай, армансыз адам болушы ма еді, - деп, басын көтеріпті. - Сауыт құрсанған батыр едім, елім үшін қан майданда жаумен жағаласып өлсем бе деп едім, олай болмады. Арманым-әлі де бір жорыққа шығып, жау қолынан құрбан болу.

...Бұл қазақ пен жоңғардың жауласып тұрған кезі екен. Бір түні батыр ұйқылы- ояу жатып:

- Ат-тан! Ат-тан! Жау шапты! - деген дауысты естиді. Қарт батыр тұра келіп, кереге басындағы най-

засын алады да, далада кермеде тұрған тұлпарына қарғып мініп, жауды қуып кете барады.

Ел қалың ұйқыда қала береді. Батырдың балалары да сол түні үйде жоқ екен. Қарт батыр жауға жалғыз шабады.

Қаптал шапанының етегі далақтап, құйғытқан бойы басқыншылармен араласа кетеді. Барған бетте тұқыл найзамен бір-екеуін құлатып, көзінен от шаша, енді басқаларына ұмтыла бергенде, жоңғардың бір жас батыры қарсы алдынан келіп, шіреп тұрып, садақ тартады. Сұр жебе сауытсыз батырдың кеудесінен тиіп, аттан ұшырып түсіреді.

Кейін келіп жеткен жұртқа өлейін деп жатқан батыр:

- Жұртым, енді менде арман жоқ, - деп, күлімсіреген екен дейді.

*Суретін салған В. Ненахов
«Балдырған» журналы, №2,
1966 жыл.*



ҚАРЛЫҒА ҚАЛАЙ ҚҰС БОЛДЫ



Қарлыға ашық терезеден аула жаққа қарап отыр.

Аулада бақ гүлдеп тұр. Алма ағаштарының қызыл астар ақ гүлдері жасыл жапыраққа жаба салған ақ мақтаға

ұқсайды. Гүлдерді түрткілеп аралар жүр. Олар да әр түсті. Ызың-ызың етеді. Бақты бауырымен сызып қарлығаштар ұшып жүр. Біздей тұмсығын көкке көтеріп, қараторғайлар не түрлі әуенге салады.

- Жаз қандай әсем еді! Мына шексіз аспанға құс болып, қанат қағып ұшар ма еді, шіркін!.. - деп ойлады Қарлыға.

Сосын Қарлыға қолдарын қанатша сермеп-сермеп қалып еді, лып етіп аспанға көтерілді. Ұшып барып, бақтың арғы шетінде тұрған биік ағаштың басына қонды. Бұл жерден бүкіл ауыл алақандағыдай көрінді.

- Қарлығаны қарандар, аспанда ұшып жүр. Қарлығаға қанат бітіпті. Төбесіне байлаған қызыл бантигі желбіреп барады, - деп шуласты балалар.

- О, тоба, Мәліктің қызы Қарлығаны қарандар, аспанда ұшып жүр! - деп таңырқасты үлкендер.

Қарлыға ауыл үстімен ұшып өтіп, өздерінің бақшасына келіп қонды. Терезе алдында сүйеп қойған қуыршағын біреу құлатып кетіпті. Сурет салатын дәптері де, бояу қарындаштары да шашылып жатыр. Бәрін бүлдіріп жүрген ақ төс тарғыл мысық.

Қарлыға болса, ойыншықтарын бұлай шашып көрген жоқ-ты. Дегені жинап қойғысы келді. Бірақ оның енді бұрынғы қолы жоқ. Қол орнында - қанаттар. Қанаттарымен әрлі-берлі қарманып көріп еді, ойыншықтарын жинастыра алмады.

Көп ұзамай әке-шешесі де түскі асқа келеді. Картоп пен сәбіз аршып қою керек. Шөжелерге де жем салынбапты. Жұмыс көп.

Қарлыға бақты айнала ұшып шығып, ашық тұрған терезеден үйге кірді. Төсек астынан тарғыл мысық «ыр-ыр» деп айбат шекті. Сап-сары көздерін ежірейтіп, бұқпантайлап келеді. Бақшада торғай ауларында, дәл осылай жер бауырлап жылжитын. Өзінің құс екенін, тарғыл мысықтың бас салуға оңтайланып келе жатқанын Қарлыға сонда бір-ақ білді. Ол бақырып жылап жіберді...



Көзін ашса, терезе алдында баяғы орнында отыр. Жалма-жан көзін уқалай бастады. Жанында күле қарап, ойыншығы тұр. Сурет дәптері де, қарындаштары да өз орнында. Тарғыл мысық басын бауырына тығып, пырылдап ұйықтап жатыр. Даладағы гүлденген бақ

сыбдыр қағып, құстар сайрап тұр. Қарлыға қуанып кетті. - Жоқ, мен құс болмаймын. Ешқашанда құс болмаймын! - деп, ол ас үйге қарай жүгіре жөнелді.

*Суретін салған В. Лохоня,
«Балдырған» журналы №10,
1966 жыл*

ЗИНҰР

Зинұр сабақ әзірлеуге отырды. Бүгінгі тапсырма өлең жаттау еді. «Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы...» - деп, шапшаңдатып оқи бастады. Әпсәтте бір шумағын жаттап та үлгерді. Өленді түгел жаттап болмай, ештеңеге бұрылмауға бекінді. Сөйтіп отырғанда, өзімен кластас баланың келе қалмасы бар ма?

- Жүр, Зинұр, балаларға арналған қызық кино келіпті. Оқушылардың бәрі кетіп жатыр, - деді ол.

- Жоқ, Жаңаш, мен өленді жаттап алмай, ешқайда шықпаймын, - деді Зинұр.

- Келген соң да, жаттап алмаймыз ба? - деп Жаңаш қиылып еді, досы көнбеген соң, жүгіре жөнелді.

«Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы», - деп Зинұр қайта оқи бастады. «Қойшы, Жаңаш айтқандай, келген соң да, әпсәтте жаттап алуға болады ғой. Көп қызықтан құр қалатын болдым-ау! Әй, Жаңаш, тоқта!» - деп, терезеден мойнын созып, айқайлап жіберді.

Кинодан келген соң, өленді қайтадан жаттауға кірісті. Сөйткенше болған жоқ, балалар сырғанаққа жиналып қалды. Қолшанаға екеу-екеу мінгесіп, биіктен төмен қарай зырқыратып жүр. «Жоқ, мен ешқайда шықпаймын. Өленді қалайда жаттап алуым керек», - деді Зинұр өзіне. Әйтсе де, ұзақ отыра алмады. Сырттағы балалардың шуы аландата берді. «Қойшы, кешке шам жаққан соң да қалғанын жаттап тастауға болады ғой» - деді де, киімдерін шала-пұлакие салып, далаға шықты.

Кешкі тамақтан соң қалғи бастады. Өлең жаттауға шамасы келмеді. «Қойшы, ертеңмен тұрып жаттап алам ғой, енді көп қалған жоқ», - деп жатып қалды.

Ертеңіне Зинұр кеш оянып, мектепке қарай асығыс жүгіріп бара жаты.

*Суретін салған В. Емельянов
«Балдырған» журналы №9, 1967 ж.*





Ертеде бір кедейдің жалғыз баласы қатты науқастанады. Ешбір ем табылмайды. Бала жуадай солып, әлсірей бастайды. Жалғыз баласы үшін жан беруге бейіл кедей алыс қалада тұратын Лұқпан Хакімге сапар шегеді. Көлігі жоқ екен, баласын қол арбаға отырғызып алып, шөл дала, қиын асулардан өтіп, арып-ашып ғалымға да жетеді. Баланы зер салып, ұзақ қарайды да, ғалым:

- Сіздің мұншалық бейнет көріп келгеніңізге жаным ашыса да, қолымнан келері жоқ, бұл дауасыз дерт екен, - дейді кедейге. Амалы құрыған кедей шөл даламен қайта жолға шығады. Баласы да, өзі де қалжырап, жалғыз сексеуіл түбіне аялдайды. Шөлдің тырбық сексеуілінің көлеңке саясы да шамалы екен. Аспан айналып жерге түскендей ыстықта өлі құрыған кедей құтыдағы соңғы шалабын тостағанға құйып, көлеңкеге қояды да, өзі қалғып, ұйықтап кетеді. Ояна келсе, сала құлаш қарасұр жылан сусынды сарқып ішіп тұр екен. Кедей еңіреп жылап жібереді. Сол кезде жылан басын көтеріп,

ысқырып қалып, ішкен шалабын тостағанға қайта құса салады да, кетіп қалады. Құсық-шалап быжылдап қайнап барып, басылады.

Ауру бала сусын сұрайды. Кедей су іздеп, қыр асып кетеді. Шөлге шыдамаған бала жылжып барып, тостағандағыны ішіп салады. Сол ақ екен, жартылай жансыз денесіне қан жүгіріп, әлдене бастайды. Әкесі арып-шаршап, құр қол қайтқанда, баласының арба жанында қаз-қаз басып жүргенін көреді. Кедей өз көзіне өзі сенбей, аңтарылып, тұрып қалады. Мешел бала елге өз аяғымен жетеді.

Кедей бір күндері баласын ертіп, Лұқпан Хакімге тағы барады.



- Мәртебелі ғалым, сізді дерт иесі Лұқпан дейтін еді. Қолыңыздан сауықпаған адам болмапты. «Дауасыз дерт жоқ» деп өзіңіз айтады екенсіз. Мына баламды емдемедіңіз, дерті дауасыз дедіңіз. Көріп тұрсыз, бала сауығып кетті, осы қалай? - деп сұрақ қояды оған.

Қарт ғалым баланың өн бойын шолып қарап, аз отырады да:

- Рас, дауасыз дерт жоқ. Бұл балаға керек ем өте қиын болатын. Жапандағы жалғыз сексеуілдің терең тамырына жақын мекен еткен қара сұр жылан шығып, қара

сиырдың сүтінен ұйыған қатықты ішіп, оны дереу қайта құсса, бала сол құсықты ішсе ғана, сауығатын еді. Зарыққаныңа орай, сондай бір кездейсоқ жақсылыққа тап келген сияқтысың, - дейді ғалым.

- Иә, данышпаным, дәл солай болып еді! - деп, кедей болған оқиғаны баяндайды.

Содан былай адамдар жылан уын емге қолдана бастаған екен.

*«Балдырған» журналы, №5,
1967 жыл*

ТАҢҒАЖАЙЫП ОҚИҒА

Жылқыбай ағай рахаттана күліп алды да, әңгімесін бастап кетті.

- Тіпті таңғажайып оқиға болды. Шаңғымен бір түлкінің ізіне түсіп келе жаттым. Күн тып-тымық, үп еткен леп жоқ. Тоғай аппақ қырау жамылып тұр. Түлкі ізі бірде қарға

жасырынып, бірде адам баспас шытырманға кіріп, шимай салып, әурелеп баққан еді. Дамылдап алайын деп, алаңқайға бөгелдім.

Бір кезде сауысқандар шықылықтап қоя берді. Талдардың қыраулы басын жайқап- жайқап өтеді. Сақтана қалдым. Сауысқандар жүрген қорым талдар оқ бойы ғана жерде. Мылтығымды қыса ұстап, сығалап қараймын. Ештеңе көрінбейді. Сауысқандар қасқыр не түлкі көрсе ғана мазаланады. Бір кезде тал арасынан қылтиып қап-қара екі құлақ көрінді. Тани кеттім, құдың өзі екен. Ол бір жатты, бір тұрды. Мені мазақтап, әурелей бастады, Денесін жасырып, басын ғана қылтитып алған. Мен де қозғалғам жоқ. Әлден соң екі-үш аттап бері шықты да, қар бетіне бауырын төсеп, жата кетті. Құйрығының ұшын тістелеп қойды. Жалындай қып-қызыл болып, аунап-аунап түседі. Мылтығымды ілгері создым. Тоғай селк ете қалды. Түлкі орғып түсіп, екі-үш домалап кетті.



Оппалап жетсем, қимыл сыз жатыр екен. Қар бетінде қан тамшылары бар. Аударыстырып қарадым. Ту сырты қып-қызыл, тамағы мен бауыры қардан аппақ. Тұмсығы мен аяқтары қап-қара. Сондай әдемі. Сол қалпында балаларға ала барайын деп, қоржынға салып, бөктергіге байладым.

Ауылға келгенімде, әлі жарық болатын. Бар бала жүгіріп алдымнан шықты.

Мен қоржынымды жерге түсіріп, ішінен алтайы қызыл түлкіні алып, қар бетіне тастадым. Балалар таң-тамаша болып, қоршап алды.

Талпақ танау Зейнұр қолын апара беріп еді, түлкі секіріп тұра келіп, орманға қарай құйындай ұшты. Зейнұр бақырып қоя берді.

Таң-тамашамын. Жолда келе жатқанда да, қоржыннан алып жерге қойғанда да қыбыр етпеп еді, - деп, әңгімесін аяқтады аңшы ағай.

- Бұл ертегінің өзіндей ғажап оқиға екен, - деп, балалар да таң қалысты.

*Суреттерін салған В. Лохоня
«Балдырған» журналы, №4,
1968 жыл.*



ДОСТАР

Зейін бақта жүр. Қарақат бұталарының сыртына мойын созып қарап қояды. Бұқпантайлап ілгері жылжиды да, кіп-кішкентай денесімен бүрісіп отыра қалады. Бұтаның арғы бетінде, бастарында қара тебетейлері бар қызыл төс шымшықтар жеміс ағаштарының жел қағып түсірген бүршіктерін шоқып жүр.

Әнеукүні Зейін осылардан аумамайтын ойыншығын сындырып алған. Ал мыналар болса - тірі шымшық. Өздері қандай әдемі, жерді шұқыған сайын құйрықтары шошаң-шошаң етеді. Жақындап барып ұстап алмақ еді, шымшықтар

пыр етіп ұша жөнелді. Әрірек барып, алма ағашының көлбеу бұтағына қызыл маржандардай тізіліп отырды. Көпті көрген кәрі торғай балаға мойын созып «шиқ-шиқ» деп үн қатты.

- Зеке, сен не істеп жүрсің? - деген менің даусыма балам жалт қарады да:

- Шымшықтардың екеу- үшеуін үйге апарғым кеп еді, ұстатпайды! - деді. Мен күлдім де:

- Олар ұстатпайды, қолға үйретудің басқаша жолы бар. Бері кел, - дедім.

Зейін қуанып кетті. Екеуміз ағаштың төменгі жағына жем ша-

шатын тақтай орнаттық. Айтқандай-ақ, қызыл торғайлар әлгі жерге үйір болып алды. Шашқан бидайды тақтай үстінен шоқи бастайды. Кейін алақандағы жемге де келетін болды.

- Көремісің, торғайлар сенен жем сұрап тұр. Олар аш. Күн сайын өз қолыңнан жем беріп тұрсаң, ешқайда кетпейтін болады, - дедім мен Зейінге.

Енді Зейін баққа шықса-ақ болғаны, құстар шиқылдап қуана бастайды. Қаптап келіп қолына, басына, иығына қонады. «Шиқ- шиқ!» - дейді. Онысы «Көп рақымет саған, Зекә!» - дегендей.


Бала торғайлардың бақтан кетпегенін ұнатады. Олар ертең жаз шыққан соң, бақтың зиянды күрттарын аулайды. Өйткені, құс адамның айнымас досы ғой.



Суретін салған Л. Баранова,
«Балдырған» журналы, №4,
1969 жыл.

ҚЫРАҒЫЛЫҚ

Жаңадан салынып жатқан қой қораның іргесінде Жақсылық пен Жамантай ойнап отырды. Биыл екеуі де бірінші класты бітірді. Құрылыс басына келгіш-ақ. Осында әкелері жұмыс істейді. Бүгін жексенбі, құрылыста жұмысшылар жоқ.



Орманнан қайың жапырақтарының иісі аңқиды. Бұлбұл үні естіледі. Балалар да ойынға әбден берілген. «Мынау қой қораның есігі, мынау терезелері, - дейді олар жарыса сөйлеп. - Енді төбесін жабу керек. Сонда нағыз қой қорасы болып шығады. Мына жерге қой қаймайтын шарбақ тоқылады.»

Машина гүрілі естілді. Құрылыстың арғы орман жақ шетіне бір жүк машина келіп тоқтады. Балаларға бір жақтауы көрініп тұр. Ақпен бадырайтып жазылған номер бар!

Екі бала ойнай берді. Машина тоқтаған жақтан тарсыл естілді. Келгендер үюлі тақтайларды асығыс арта бастады. Біреуі жоғары шығып, жан-жағына жалтақтап қа-

райды. Машиналар ағашты осында таситын еді. Мұнан тиіп әкеткенін балалар көрген жоқ-тын.

- Жамантай, қарашы, аналар ұры емес пе екен? Өздері сасқалақтап жүр.



- Біледі екенсің, осы күні ұры бар ма, - деді Жамантай мұрнын бір сыйпап. - Ұры дегендердің кескіндері жаман болады деп естігем, әжем солай деген.

Балалар ойынды тоқтатып машина жаққа қарады. Екі адам: бірі толық денелі қартаң, екіншісі жастау. Екеуі де жанталаса қимылдайды. Тақтайдың бір үйіндісін артып алып, асығыс жөнеле берді.

- Аналар - ұры. Хабарлау керек! - деді Жақсылық.

- Кімге хабарлаймыз?

- Балташыларға.

- Жүр, кеттік!

- Тұра тұр, номерін жазып алайық.

- Қалай жазамыз, қағаз-қарындаш қайда?

- Мынаған.

- Жақсылық тақтай кесіндісін шегемен асығыс тырнай бастады.

- Жүр, кеттік!

Екеуі қол ұстасып жүгіріп барады. Олар ауылға жеткенде, алдарынан әкесі кездесе кетті.

- Папа, машинаға артып әкетті.

- Нені?

- Әлгі ағаштарды... тақтайларды...

- Кім?

- Ұрылар... Тақтайлардан көп қылып артып кетті, - деді Жақсылық.

Папасы тез арада шақыртқан құрылысшылар жүгіре басып жетсе, еденге деп дайындаған көп тақтай жоқ болып шықты. Машина дөңгелегінің жаңа түскен ізі жатыр.

- Қап, жер соқтырды-ау! - деп, Жамантайдың әкесі күйініп тұр.

- Қандай машина екен? Номерін білесіңдер ме? Номері болса, қазір ақ тауып алар едік.

Екі бала біріне-бірі қарады,

- Білеміз, білеміз...

- Қане, айтшы.

- Әлгі, қалай еді? Әлгі, он үш... он үш...

- Ие, он үш? - деп құрылысшылар төне түсті.

- Он үш... он үш... - деп Жамантай мұрнын тартқылай берді. - Ұмытып қа- лыппын...

- Әттеген-ай!..

- Ағатай, мен білем, - деп Жақсылық жүгіре жөнелді де, ойнаған жерлерінде қалып қойған тақтайды алып келді. - Міне, жазып қойғам. Он үш - қырық сегіз.

- Аның осы ма?

- Анық.

- Ендеше, табылды. Рақмет, нағыз қырағы октябрат екенсіңдер!

Суретін салған А. Лукьяненко
«Балдырған» журналы №9,
1970 жыл.

Қалбалақтап ұшып жүрген сауысқан орман аралап келе жатқан аңшыны көрді де, танысы ор қоянға «аңшы келе жатыр, аңшы», - деп жар салды.

Әккі қоян сауысқан шықылықтағанда - ақ тығыла қалды. Жер қара, қоян аппақ. Алғашқы қар еріп кеткен, ойдым-ойдым таусыншықтары қалған.

Қоян тал түбіндегі тоқымдай қардың бетіне бұға қойды, аңшы аңғарар емес. Сауысқан қоян

жатқан талдың басына қонып алып, «аңшы келе жатыр, аңшы, деп шықылықтаумен болды. Құйрығын қыпылықтатып, талдан-талға қонады.

Өсекшінің сырына қанық мерген: «Сауысқан айтпаса, осы бір талсымақтың түбінде қоян бар деп кім ойлаған!» дейді.

*«Балдырған» журналы, №6,
1971 жыл.*

ШЕБЕРБЕКТІҢ ШЕБЕР ҚОЛЫ

Жаңа жыл кеші. Шыршаны айнала балалар ән салып, би билеп жүр.

- Аяз ата келді! - деді бір бала аптығып. Сақалы аппақ қардай, денесі аяз құрсанған, мұрны қып-қызыл Аяз ата кірді.

- Сендер ескі жылда жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті болған екенсіңдер, - деді ол балаларға. - Көп-көп рақмет! Енді аталарыңның сыйлықтарын алыңдар!

Осыны айтып, Аяз ата қыраулы қоржынына қол салды.

- Мынау ерекше сыйлық; ең ұқыпты, ең зерек, ең тәртіпті оқушыға! Үздік оқыған қайсысың?

Балалар бір-біріне қарады.

- Мынау Шебербек үздік оқушы, суретті де жақсы сала алады, - деп, шу ете түсті сәлден соң.

- Бәрекелде, маған сондай бала керек. Міне, саған ерекше сыйлық. Бұл сурет салатын кәдімгі майлы бояу. Бояу болғанда қасиетті бояу, - деп, Аяз ата бір қалбырды Шебер-

бектің қолына ұстатты. - Мұнымен салған суретің бейне кәдімгідей қажетке жарайтын дүние болып шығады. Мысалы, машинаның суретін салсаң, мінесің де, жүргізіп кете барасың. Үй салсаң, ішіне кіріп, жайғаса бер.

- Керемет! Тамаша! Ата, бізге де беріңізші! - деп шуласты балалар.

- Әлгінде келістік қой. Бір ғана балаға, - деді Аяз ата.

Үйіне келісімен Шебербек отыра қалып, асығыс сурет сала бастады. Алдымен әкесіне жеңіл машина, өзіне деп жүрдек шана жасады. Мамасына шешек атқан раушан гүлін, інісіне үш доңғалақты велосипед, биік үйлер, сәулетті мектептер суреті қағаз бетіне сызыла берді. Сурет қызығымен отырып, түннің қалай өтіп кеткенін де аңғармапты. Бір дәптер толыпты. Бірақ суреттерінің бәрі нашар. Машинаның доңғалақтары сопақ, қиқы-жиқы. Гүлдер құрап тұр. Велосипед тұтқасыз, тепкіншексіз, үйлері қисық.

Шебербек оған қынжылмады. Суреттерді үсті-үстіне сала берді.

Келер жаңа жылда Аяз атаға алып келді. Аяз ата суреттерді көріп:

- Ой-бо-ой, балам-ау, суреттерді қалай олақ салғансың?! - деді қынжылып.

- Атай, мен қасиетті бояумен салдым ғой, жаман болуға тиісті емес, - деді бала.

- Жоқ, бала, мұның жарампапты. Енді мына жәй бояуды ал, - деді Аяз ата.

Шебербек сурет салуға қайта кірісті. Айлар бойы, жылдар бойы салумен болды. Сөйтіп жүріп, бала ержетті. Одан қартайды. Бірақ, салған суреттері мәңгі жас, мәңгі тірі қалпында қалды. Кейін көрмеге қойылған суреттері жұрттың бәрін қызықтырды. Үйлердің, мектептердің төрінде ілулі. Шебербектің суреті бойынша жақсы үйлер, мектептер, сәнді сарайлар тұрғызылды.

Сөйтіп, адамға керегі қасиетті бояу емес, іскер қол мен талмас талап екен.

*Суретін салған А. Островский
«Балдырган» журналы №1,
1971 жыл.*



МЕН ТЕҢІЗШІ БОЛАМЫН!

Қажыкен тым қиялшыл еді.

- Білесің бе, Төкен, дүниеде теңізші болғаннан артық бақыт жоқ. Алыс мұхиттарға саяхат жасайсың. Бөтен елдерді көресің, жақсы емес пе? Теңізде шырматылып өсетін жібектей жұмсақ өсімдік болады екен. Өзіміз күнде жеп жүрген конфетті ораған өсем қағаздар содан жасалатын көрінеді.

- Солай ма, расында керемет екен?! - деді, Төкен танданып.

- Солай, мен қалай да теңізші болам. Сенің ағаң сияқты үлкен кемелермен жүзем.

- Ой, мақтаншақ, мұрныңды сүртіп алсайшы. Сені теңізшілікке алып қайтсін, - деді, Жандос күліп. Қажыкеннің қалқан құлағы қып-қызыл болып кетті.

- Алады, несі бар! - деп күмілжіді ол. Шолақ мұрны пысылдап аз тұрды да, үйіне қарай жүгіре жөнелді.

- Неге ұялтасың, ол шынында да теңізші болады. Кім не болса еркі емес пе? - деп, Төкен Жандосқа ренжіп еді, анау;

- Мақтаншақты жаным сүймейді. «Пәлен болам, түген болам». Сонда өзге жұрт бола алмай ма? Мысалы, менің космонавт болғым келеді, Гагаринше әлемді айналып түсем. Космонавтың қасында теңізші кім? Менің тағы кім болғым келеді, тұра тұр, ойланайын...

Төкен қарқылдап тұрып күліп жіберді.

Осыдан соң олар көпке дейін кездеспеді. Болған оқиғаны ешкімге де айтпады. Әсіресе Қажыкен тұнжырап жүрді. Бір күні Төкеннің теңізші ағасы демалысқа келді. Бұған Қажыкен қатты қуанды. Ол теңізшіден көз алмай қарап тұрды. Шалбардың балағын ұстап көргісі

келді. Алтындап жазылған жібек лентаға қатты қызықты.

Матрос ауылда көп тұрмады. Бір жаққа жүріп кетті. Ол Төкенге алтындап жазылған күнқағарсыз бас киімін, матрос белдігінің ауыр жез айылбасын қалдырған еді. Бетінде кеме якорының суреті бар сом айылбас.

Төкен Қажыкендікіне барды.

- Жүр, Қажыкен, ойнайық. Менде мыналар бар,- деді ол, лента мен айылбасты көрсетіп. Қажыкен көңілсіз ілесті.

- Мә, айылбасты сен ал. Теңізші болам деп жүрсің ғой.

Қажыкен басын шайқады.

- Ендеше лентаны да қоса берейін.

Ол тағы да бас шайқады. Екі дос көлге қарай аяндап келе жатты. Қажыкен қыбырлай толқындап жатқан көл бетіне үңіле қарап, күрсініп жіберді;

- Мен бәрібір теңізші болам, көр де тұр!

БӘКЕҢ МЕН ШАКЕҢ

Бәкең бір құшақ буды үйге ертіп ала кірді. Шәкең етпеттеп газет оқып жатқан.

- Бәрекелді, жақсы келдің! - деп, басын көтеріп алды.

Екі қарт азанда суат басында кездесіп, біраз жерге барысып қайтқан. Сөйте тұра, бір жыл көріспегендей шұрқыраса кетті. Шәкең төр алдына көрпе тастатып еді. Бәкең кебісін шешпей төменірек отырды да, мұжық саусақтарымен насыбайды шымшып алып, тілінің астына тастап жіберді. Шәкең де сөйтті. Кішкене бурыл сақалын сипай күлімсіреген Шәкең сөз бастады.

- Кеше өзіміз Отан соғысында жаумен шайқасқанда, - деді ол. (Осылай деу сөзінің шарты) - бірнеше күн ұйқы көрмей, әбден қажыған кездеріміз болды. Келе жатып көзіміз ілініп кетсе, ауыл түсімізге кіреді. Оянсаң, көңілденіп, қайраттана түсесің. Аяғынды нық тастап, алға ұмтыласың.

Бірде қалғып кетіп, қараңғыда саптан қалып қойсам керек, біреу жағама жармаса түскені. Қарасам, теке сасыған фашист екен, айқаса кеттік. Бірде ол, бірде мен дендеймін. Итжығысқа түсіп, бірде мен, бірде ол аударып тастайды. Тірлік



қымбат оған да, маған да. Әбден қалжыраған кезімде бар қайратымды жұмсап: уа, қасиетті Соналым, сен үшін! - деген кезімде, Қобыландының күші бітті ме деймін, фашисті алқымынан бір-ақ сықтым.

- Садаған кетейін, Соналы, - деді, Бөкең қызыл көздері жасаурап. - Қасиетіңе шек келтірмеймін. Калинин майданында жүргенде мен де ылғи аңсаумен болдым. Жау шабуыл жасап келеді. Беті қатты. Окоп қазып алып, бауырымызды төсеп, атқылап жатырмыз. Жер барда, біз мықтымыз. Фашистерді баудай түсіріп, беттетпей қойдық. Бір

кезде алыстан соғатын зеңбіректің ауыр снаряды ысқырып келе жатты. Мұндайда тындай қаласың. Қай тұсқа түсетінін шамалайсың. Байқаймын, қақ төбемізде. Жерге жабыса түстім. Айтқандай, снаряд қақ жанымнан гүрс етті. Мені аспанға ұшырып жіберді, үйдің шатырындай көтерілдім-ау деймін. Есім дұрыс сияқты. Қол-аяқтарымды қозғадым, сап-сау. Бірақ менде күш қалмапты. Құлашымды жазып, дереу жерге ұмтылдым. Жерге бауырым тиген соң, қаһарға міндім де, жауды отай бастадым. Пулеметтің оқпаны қып-қызыл болып балқып кетті. Толассыз атқылап жатырмын.

Бір кезде «Максим» мелшиді де қалды. Оқ бітіпті.

Оқ! - деп айқайлап едім, ешкім үн қатпады. Фашистер граната лақтырды. Қағып алып, өзіне жібердім. Сөйтіп, өз гранатасымен жаудың өзін жайпап салдым. Туған жерге бауырымды төсеп мықты жатырмын. Ондайда саған өлім жоқ.

Бөкеңнің әңгімесі Шәкенді де қатты толқытты:

- Шіркін, туған жердің несін айтасың! - деді құшырлана.

«Балдырған» журналы, №8, 1973 жыл.

ҚҰПИЯ ТАПСЫРМА

Достық әзілді салған Н. КАЗАНЦЕВ

Қарлығаш тазалықшы еді. Ол есік алдында тұрып оқушыларды ішке бір-бірден жіберді. Әрбіреуінің үсті-басын мұқият қарады.

- Тоқта, балағың неге лай? - деп сұрады Сайлаудан.

- Есік алдындағы шұңқырға жығылып қалғаным.

- Көзіңе қарап жүрмейсің бе?

- Асығып келе жатып, абайсызда тайып кеттім.



- Ендеше, неге лайынды кетіріп кірмейсің?

- Туфлиімнің лайын жудым. Мұны жусам, сатал-сатал болып қалады ғой. Кепкен соң үгітіп түсірейін дедім.

Қарлығаш тақақтап қояр емес. Екеуінің әңгімесін сырттай бақылап тұрған Роза сөзге араласты.

- Жарайды, Қарлығаш! Жібере ғой.

Роза айтқан соң Қарлығаш оны еріксіз өткізді. Розаның айтқанына құлақ аспауға болмайды. Өйткені Роза - осы Қарлығаштардың класындағы октябрияларға бөлінген жетекші - вожатый. Бесінші класта оқиды... Үлгілі пионер, оқу озаты.

Соңғы сабақ аяқталып, мұғалім кластан шығып бара жатқанда, Роза кірді.

- Балалар, - деді ол оң қолын көтеріп. Апыл-ғұпыл жиналып, класты басына көтеріп жатқан балалар жым болды.

- Балалар, сендерге бір құпия тапсырма бар. Бүгін есік алдындағы шұңқырға жығылып, Сайлау

үстін былғап алды. Ол шұңқырдың кесірі тек Сайлауға тиген жоқ. Басқалардың да былғап алғанын көрдім. Бәріміз бірігіп сол шұңқырды көміп тастасақ...

- Көмсе, үстін былғағандар көмбей ме?

- Осы да құпия тапсырма болып па? - деген сыбыр-күбір естіліп қалды.

Роза оны естісе де, естімеген болып сөйлей берді.

- Ол шұңқырға бүгін Сайлау түссе, ертең Көшен түсуі мүмкін.

Қасындағы көршісіне сыбырлап отырған Көшен жым болды.

- Бәріміз бір-бір қағаз дорба жасаймыз да, таңертең сол қалтамен құм ала келіп төгеміз. Тек ешкімнің көзіне түсіп қалмауымыз керек. Ол үшін әр бала жеке-жеке барып төккені жөн. Көшен меи Төлен өз құмдарын төгісімен мектептің екі бұрышына келіп, бақылау постына тұрады. Бөгде біреу келе жатса, ысқырып ән салып, белгі береді. Соңынан төгілген құмды тегістеу Сайлауға жүктеледі. Бұл ісіміз жөнінде алдын ала да, іс орындалған соң да ешкімге тіс жарып айтпаймыз. Қалай қарайсындар? Келістік пе осыған?

- Келістік! - деп, шу ете түсті балалар. Ертеңіне істің бәрі Роза айтқандай мұқият орындалды. Тек құмын қоңырау соғылғанда ғана төгіп үлгірген Жамалдың кесірінен Сайлау сабаққа кешігіп қалды.

- Иә, неге кешіктің? - деді мұғалім, оны есік алдында тоқтатып.

Сайлау үнсіз төмен қарады. Сайлау үшін балалар бір ауыздан шу ете түсті.

- Ағай, ол құпия. Айтуға болмайды.

Мұғалім жымия басын шайқап,
Сайлауға отыруға рұқсат етті.

Бұл оқиға құпия күйінде қалып
еді, бірақ келесі аптада мектептің
қабырға газетіне етектей мақала
шықты да, бүкіл оқушыға тарап

кетті. Көрші кластар бұдан кейін
Қарлығаштың кластастарына қы-
зыға қарады.

«Балдырған» журналы, №9,
1974 жыл.

КУЗЕТТЕ

Малма аяқ Дүйсен жетті, құма-
лақ тергіш! - деп айқайлады Қалел.
Қара биені шапқа түртіп мазақта-
ды. Дүйсен ернін салпитып төмен
қарайды.

- Лақса шіркіннің шабандығына
ол кінәлі ме! - деп, Қасен іш тарта
сөйлеп еді, Дүйсен теріс айналды
да, өзенге қарай жүгіре жөнелді.
Арт жақтан Қалелдің мазасыз күл-
кісі естілді.

Бұйра талдар көмкерген те-
рең жардың астында Есіл ағып
жатыр. Дүйсен су жиегіндегі
дымқыл құмға табанын басып
тұр. Су бетінде ұсақ толқындар
баяу жылжып барады. Балықтар-
дың шолпылы естіледі. Арнаны
қуалай жел еседі. Талдардың жа-
пырақтарын шулатады. Айнала
қараңғы тартты. Тоғайда күн ұзақ
қалғып отырған жапалақтар қал-
балақтай ұшып жүр. Күн ұзын
отырып ашыққан үлкен сары үкі
ұшып өтіп еді, Дүйсен қорқып
кетті. Асығыс кейін қайтты. Бала-
лар жым-жылас жоқ болыпты.

- Қалел, Қасен! - деді дауыстап.
Даусы қалтырап шықты. Ешкім
жауап қатпады.

- Қасе-е-ен! - деп булыға айқай-
лап, жылап жіберді. Жап-жақын
жерден Қалелдің дарылдаған күл-
кісі естілді.

- Қорқақ, қотыр торпақ! - деді, ол
өлде қайдан сампылдап.

Дүйсен ешкімді көре алмады.
Сөйтіп дағдарып тұрғанда қарға-
ның ұясы аяқ астына топ ете түсті.
Үйеңкінің ұшар басында Қалел
отыр.

- Құстың ұясын неге бұзасың-ей!
- деп, көрші үйеңкінін басынан Қа-
сен тіл қатты.

- Дүйсенді қорқыту үшін!... -
деп қиқарланды Қалел. Балалар
ағаштың діңін бойлай сырғанап
жерге түсті.

Тал арасына от жағып, айнала
отырысты. Қу шөпшекке тиген жа-
лын лапылдады. Отқа алақандарын
қарсалап, мәз- мәйрам болысты.
Айналаны қараңғылық басты. От
сәулесі тоғай ішіне еркін кіре ал-
май, алаңшаны ғана жарқыратып,
дірілдеп тұр. Қалел құрт, майын,
өзге балалар тәттілерін ортаға са-
лып, тамақтануға кірісті. Тамақта-
нып болып, отқа шөпшек тастады.

- Дыно мен жезтырнақ жайлы ер-
тегі айтайын ба! - деді

Қалел қорқынышты кейіпке са-
лып.

- Айтпай-ақ қойшы! - дейді Дүй-
сен, өзге балалар:

- Немене, қорқасың ба! - деп, күле
бастады.

- Қорықпаймын, ештеңеден де
қорықпаймын!

- Қорықпасаң, Есілден су әкеле
ғой, көне! - деді Қалел.

- Несі бар, әкелем!

- Шелекті ал да жөнел тап қазір! Дүйсеннің кескіні бір қуарып, бір қызарды. Көздерінде аянышты жауған бар.

Ол қараңғылыққа қарап ықылассыздау:

- Барайын, - деп, орнынан көтерілді.

- Әлде қандай хауіпке кез болсаң, айғайла, көмекке барамыз, - деді Қалел.

Дүйсен өзенге қарай аяңдады. Көйлегі ағарандап ұзай берді де, көрінбей кетті.

Балалар демдерін ішке тартып, тың тыңдады. Дыбыс болмады. Тобылғы арасында жылқылар жайылып жүр. Күрт-күрт шөп шайнағаны естіледі. Қасеннің қызыл байталы отқа жақындап келіп, жап-жасыл көздері жайнап, біраз тұрды да, құлақтарын қайшылап осықарды. Басқа жылқылар да мойындарын созып елендейді. Өзен жақтан барылдаған қорқынышты дауыс естілді де, тынып қалды. Енді батырсынған Қалелдің өзі қорқа бастады.

- Балалар, енді не істейміз, барамыз ба соңынан?

- Барайық! - деді Қасен. Сөйткенше Дүйсеннің әбігерленген даусы шықты.

- А-а-ауу!

Қасен қараңғылыққа қойып кетті. Соңынан басқа балалар да жүгірді. Жардың астында ешкім жоқ. Судың сылдыры естіледі. Қара бауырдай сазарған аспанды қиғаштай тіліп, жұлдыз ағып түсті.

- Дүйсе-ен!

- А-а-ауу!

Дауыстың қай тұстан шыққанын балалар аңғара алмай қалды.

- Иірім жақтан, өне, анда!

Жар астындағы ми батпақта әлде нелер қараңдайды. Бірдеңемен алысып Дүйсен жүр.

- Жүріңдер, көмектесіңдер! - деді Дүйсен ентігіп. Балалар жетіп келсе, қап-қара мақұлықты сүйреп, жағаға жақындатып қалған екен. Сөйлеуге шамасы жоқ.

- Тартыңдар, көне! - дегенді ғана айтты да, жұлқылай берді. Өзі де белуардан батып тұр. Балалар жа-



былып тартып шығарды. Қараса, бұзау екен. Жануар мұрнын шүйіріп, сілкінді де, «мө-мө» - деп мөңіреп жіберді. Балалар бұзауды жетектеп, от басына әкелді. Шырпыны мол тастап, отты маздата жақты. Су өтіп қалтыраған Дүйсеннің арқасына Қасен өзінің шапанын жауып, жақын отырды.

Суға еңкейе бергенім еді, «Мө-ө-ө» деген дауыс естілді. Жүрек тоқтатып тыңдасам, батпақ жақтан

естіледі. Бұзаудың даусы. Жүгіріп жетсем, сазда тұрып-жығылып жүр екен. Сыртқа шығара алмайтын болдым. Сонан соң сендерге дауыстадым.

- Дүйсендікі ерлік! - деді бір бала отқа шырпы тастап.

- Иә, - деді тағы бірі... Қараңғылық қара кереге болып қоршай түсті. Жылқылар пысқырынып қойып, жайылып жүр.

«Балдырған»

ӨТКЕЛДЕ

Екі бала өзенді жағалап келе жатты. Арғы бетке өтіп, бүлдірген теріп қайтпақ. Таңқы қара Әбік сабырлы болса, сорайған сары Жеңіс - сөзшең.

- Біз Оралда тұрғанда, - деді Жеңіс, - ағынды өзеннің жағасындағы лагерьде болдық. Оқытушымыз бір жарым шақырымдық тауға өрлетті. Сонда мен бар баланың алды болып шықтым тау басына. Пионерлердің таңданғанын айтсайшы. «Альпинист, барып тұрған ержүрек!» деп шуласты. Содан бастап балалар мені «альпинист Жеңіс» деп атап кетті.

- Спортшы екенсің ғой.

- Жүгіруден де, секіруден де бірінші орын алдым. Суға жүзу деген менің ең сүйікті ісім. Жап-жалпақ ағынды өзенді тоқтаусыз жүзіп өте беруші едім. Ал мына Есіл дегенің жылып жатқан жылға сияқты. Шалқалап та, қырындап та жүзе алам.

Жеңіс бір түйір малта тасты алды да, зеңгіл жасылданып үнсіз ағып жатқан суға құлаштай лақтырып жіберді. Су беті шеңберленіп барып тынды. Арғы бетте бозғылт

жапырақтарын толқытқан сұр талдар көрінеді. Жасыл нумен көмкерілген өзен аңғарынан салқын жел еседі. Құлама жардан малта тастарды жамырата домалатып, екеуі суға тақау келді.

- Әттең, сен бөгет болып тұрсың. Әйтпесе, анау көпірге бармай-ақ, осы жерден жүзіп өте беретін едім, - деп, Жеңіс опық жегендей басын шайқайды. Әбік үнсіз.

Өзен арнасының құмырсқа белденген қысаң тұсында ағаш көпір барды. Күңгірттеніп жатқан судың үстінен екеуі үңіле қарап тұр. Шабақтардың жүйткіп ойнағанын қызықтады. Бір кезде шабақтар тым-тырақай қаша жөнелді. Бір дәу шортан келе жатты. Шортан қара қошқыл арқасын су бетіне шығарып, біраз жылынды да, құйрығымен ағынды жайқап қалып, қараңғы тұңғиыққа сүңгіп кетті.

- Ех, шіркін, сүңгіп барып, құйрығынан шап беріп ұстар ма едім! - деді Жеңіс алабұртып. Сөйткенше болған жоқ, көпір ернеуіне атша мініп отырған бір бейтаныс бала суға шолп ете түсті.

- Құтқарындар!

Бала батып-шығып жүр. Жеңіс сасқалақтап:

- Ей, бала, қолың мен аяқтарыңды сермей бер, мен келгенше шыда. Мен ауылға хабарлайын, сені шығарып алады! - деп, жүгіре жөнелді. Жеңіс жұртты ертіп келгенде, Әбік пен әлгі бала жағада отыр еді. Суға құлаған балада кескін қалмапты. Анасы қуанғаннан дауыстап жылап жіберді:

- Сен ғой шығарған, айналайын-ай, ажалдан құтқардың-ау құлынымды!

Әбік қызарып төмен қарады.

*Суретін салған А. Ващенко
«Балдырған» журналы, №4,
1977 жыл.*



АЯН МЕН БАЯН



Кешкі тамақтан кейін Баян сурет салуға отырды да, Аян кітап оқуға кірісті. Ас үйден шешелері ыдыс жууға шақырды.

- Мен Қиыр шығыс тайгасында саяхатта жүрмін. Дерсу Узалаға еріп, солтүстікке қарай кетіп барам... Ыдыс жууға уақыт жоқ, - деді Аян, кітаптан бас алмай.

Ыдыстарды жуып тастап, кеш бойы сурет салармын, - деп, Баян ас үйге кетті. Ас үйді тәртіпке келтірген соң, бояуларына қайта кірісті. Аян кітапты оқып болып, жанына қойды да, Баянға қарап:

- Міне, мен де саяхаттан оралдым. Енді ыдыс жууға болады, - деді.

- Ыдыстар мана жуылып болған. - Бетіндегі не?

- Білмеймін, - деп, Баян бетін сипады. - Балдың жұғыны екен ғой.

- Алақай, мен де бал жеймін! - деді Аян қуанып.

- Балды мен тауысып қойғам.

- Неге?

- Апам өз тиесінді де, Аяндікін де жеп ал. Ол Қиыр шығысқа кетсе, жуырда орала қоймас, - деп, бәрін берді.

*Суретін салған А. Шестаков
«Балдырған» журналы, №7,
1977 жыл*

Шіл - ормандағы құстардың ең ұсағы. Жағал-тарғыл, қоңыр шұбар балапандарын ертіп, қалың шөптің арасында күн ұзақ шыбын қуады. Балапандар жамыраса шиқылдап, көгалға сүнгіп, дамыл көрмейді. Бытырап бара жатса, мекиен шіл қоңыр айдарын күдірейтіп, құрылдаған дыбыс шығарады. «Байқа, хауіп бар» дегені.

Орман кезген қу түлкінің тұмсығы сезбейтін иіс жоқ. Жауының жақындап қалғанын мекиен шіл де сезе қояды. Балапандарын жасырып, өзі түлкінің алдынан кескестей қалады. Қанаты сынған жаралы құс кейпіне түседі де, түлкіні алдарқатып аулаққа алып кетеді. Хауіптен қорықпай, таяқ тастам жерде жорғалап бара жатады. Түлкіні ұзатып салып, ұша жөнеледі. Алданып қалған түлкі аңырып тұрады да: «бәлем, сені ме!» - деп, кете барады.

Шіл балапандарына келіп, дағдылы тірлігіне кірісіп еді, қанат суылын есітіп, бұға қалды. Семсердей жарқылдаған сұр қаршыға жайқап өтті. Әлгінде жамырай жосып жүрген балапандар жер жұтқандай жоқ болыпты. Қаршыға айналып келіп, көлденең бұтаққа қонды. Балапандар қол созым жерде, шөп арасында бұғып жатқан. Қозғалса, қаршыға бассалады. Мекиен шіл тарғыл қауырсындарын кірпідей тікірейтіп, қаһарлы дауыспен шаңқ етті де, көздері оттай жанған қатерлі дұшпанға атылды. Қаршығаны топшыдан соғып өтті. Қаршыға үркіп, ұшып кетті. Шіл жерге құлап түсті де, есін жиып, балапандарын шақыра бастады.

Бір кезде «у-у-уһ!..» деген дауыс естілді. Ағаш арасында алпамсадай, қос құлақты сары үкі отырған.

- Әй, шіл! - деді әбігерлене дауыстап. - Әлгі қаршығаның зәресін алдың - ау! Бұл маңайға қайтып беттемейтін шығар. Жұдырықтай болып, сонша ерлік қайдан келді өзіңе? Қаршыға үйрек пен қазды, қоян мен құрды іле береді. Сен тырнақтарының ұшында кететін титтей ғана шілсің.

- Қорқаққа күнде өлім. Ержүрек болу үшін алып болу шарт емес, - деді мекиен шіл, балапандарын аялап. Сары үкі тағы бір «уһілеп» алды да, төменірек түсіп отырды.

- Балапандарың көп екен, бағу оңай емес шығар?

- Бар болғаны он екі, - деді шіл, азыркана сөйлеп.. - Бағу да онша қиын емес.

Сары үкі құлақтарын сілкіді:

- Жұмыртқа тауып, балапан өсіруді менен үйрен онан да.

- Қалай?

- Мен ұя жасауға қиналмаймын. Ағаштың қуысына кіріп аламын. Қуыс табылмаса, бұтаның түбін шұқырлап, азын-аулақ қауырсын төсеп, жұмыртқалаймын да, басып жатып қалам. Бір жұмадан соң, екіншісін, апта өткен соң үшіншісін туам. Кейінгілер шыққанша алғашқым қара қанат болып, ержете бастайды. Кішкенелерін жылытып, тамақтандырады. Жаудан қорғайды.

- Тұра тұршы, үкі апай, сіздің балапандарға да тиетіндер бар ма?

- Болғанда қандай, ең хауіптесі - ала қарға. Көзің тайса, ұрлап кетеді. Өзім жоқта үлкенім кішке-

нелеріме қорған болады. Әкелген құр мен қоянды боршалап, үлкендері кішілерін тамақтандырады. Бір жұмадан соң тауықтай болып өседі де, анау-мынау жау соқтыға алмайды. Көрдін бе, мұндайда балапандарды бағып-өсіру қиынға түспейді.

Қайткен күнде де үкінің тіршілігі шілге үйлеспейтін еді. Үкі -жыртқыш құс. Орманның жан баспайтын түкпірін мекендейді. Түнде ұшады. Қараңғыда жердегі жалғыз ноқатты көре алады. Күндізгі көруі де кем емес. Әр түрлі ұсақ аңдарды, тышқандарды, ірі саңырау құрларды да жейді. Өзен жағасынан ба-

лық та аулайды. Түнде дыбыссыз ұшып, жемін оңай қолға түсіреді. Найзадай өткір шеңгеліне іліккені құтылмайды. Құлақтары адам құлағынан елу есе естігіш.

Қам-қарекеті көп жаз бітіп, салқын күз келді. Орман жапырақтарын түсіріп, сидаланып қалды. Жыл құстары жылы жаққа қайта бастады. Ал, үкілер болса өздері өскен орманды тастап солтүстікке, Орал тауларының арғы бетіне қарай кетті. Шіл балапандары туған жерінде жүйткіп ұшып жүр.

*«Балдырған» журналы №11
1978 жыл*



ҰЙЫҚТАР АЛДЫНДА

- Аякөз! Ұйықтайтын уақыт болды, қызым! - деп, әжесі айқайлап еді:

- Әлі ойнай тұрайыншы, - деді кішкене қыз еркелеп.

Дала қараңғы. Аспанда күміс жұлдыздар жылтырайды. Ауыл үстіне тыныштық орнапты. Әжесі жетектеп алды.

- Қарашы, сиыр да, қой да, ешкі де тынығып жатыр. Секіріп, дамыл көрмейтін ақ лағынды көрдің бе, енесінің жылы бауырына кіріп алыпты. Тауықтар да көздерін тас жұмып, ұйқыға кеткен.

Атақаз мойнын созып, қатты қаңқылдап жіберді.

- Әже, қаз неге ашуланды - деді, Аякөз қорқып кетіп.

- Тыныштығымды бұздыңдар, ұйықтайтын уақыт болды, - деп ұрысып жатыр.

Аякөздің ұйқысы келмеді. Көргендерінің бәрі көз алдынан өтті. Оймақтай аузын тез-тез қозғап, ақ лақ күйіс қайырады. Сағаттың тықылы тынбайды. Ақ лақ қалай ұзақ күйсейді деп, танданған Аякөздің көздері жұмыла берді.

Ертемен оянғанда, мал өріске кетіпті. Тауықтар да, қаздар да жайылып жүр. Атақаз қоқилана қарайды. Аякөз тамақтанған соң, бақшаға қарай жүгіріп бара жатты.

- Уақыттан кешіге көрме! - деп айқайлайды әжесі.

*Суреттерін салған
А. Шестаков*

ЖАБАЙДЫҢ АҒАСЫ



Жабай әлі кішкентай. Мұрны томпиған титімдей сары бала. Көкшіл көздерімен кең далаға қарады. Тракторлар қаздай тізіліп келеді. Бала қуанып кетті.

- Аға, тоқтаңыз, тоқта-а-а! Кабинада отырған жас жігітке теріп алған қызғалдақтарын ұсынды. Жігіт гүлді қолына алып:

- Рахмет, балақай! Тракторға мінгің келе ме? - деді. Жабай басын изеді. - Кеттік ендеше!

Тракторшы Жабайды көтеріп алып, жұмсақ орындыққа отырғызды. Түрен шымды аударып барады. Жігіт маңдайшаға қыстырып

қойған Жабай берген қызғалдаққа қарап күлімсіреді.

- Кәне, балақай, танысып қояйық. Менің есімім - Тауфиқ, Татарстаннанмын. Сенің атың кім?

- Жабай.

- Міне, енді таныс болдық, оқисың ба?

- Жоқ. Күзде барам.

Бетегелі даланың қыртысы аударылып қалып жатыр. Тауфиқ үнсіз, көздері - алыстағы белгіде, қолдары -тұтқаларда. Жолды түзу тартуға ден қояды. Жабай оның не себепті үнсіз келе жатқанына түсінбеді.

- Міне, біз аңыздың шетіне шықтық, - деді Тауфиқ көңілденіп. Трактор аударылған жерді жағалап кейін жүрді. Алғашқы аңыз осылай пайда болды.

- Алыстағы Татарстаннан келдік. Тың көтеруге, бидай өсіруге, - деді Тауфиқ.

- Татарстан, ол қандай ауыл?

- Ауыл емес - республика, Қазақстан сияқты.

Жабай бас изеді.

Тың көтеруге барамыз деп тілек қылдық. Мына кейінгі жігіттер де біздің Татарстандікі.

Бәрі бір ауылдан екен ғой деп түсінді бала. Тауфиқ бір кезде Жабайға қарап:



- Қап, ойыма келсейші, - деп баланың алдына нан, конфет қойды. Ал, Жабай, қарның ашқан шығар! Ал, ұялма! Қазақстанға тың көтеруге кім барады дегенде комсомолдар түгел қол көтерді. Өзіміздің ағайын ел, достар, туыстар бәрі дедік. Жабай інім, сенде барасың, солай емес пе?

Жабай бас изеді. Қалғып отыр. Тауфиқ бешпетін жастап, жұмсақ орындыққа жатқызды. Қаннен қаперсіз ұйықтап кеткен сәбиге қарап күлімсірейді.

Кешке Тауфиқ ағасын Жабай өз үйіне ертіп келді. Атасы мен әжесі:

- Құлыным-ау, қайда жоғалып кеттің, іздемеген жеріміз жоқ, - десті.

- Мына Тауфиқ екеуіміз тың көтердік, бұл - менің ағам, - деп, Жабай сорайған жігіттің санынан құшақтады. Сол күннен бастап Тауфиқты жұрт Жабайдың ағасы деп кетті.

*«Балдырған» журналы, №3,
1981 жыл.*

ҚОСТЫҢ ДӘМІ

- Ата, шаршадың ба? - деді Қуаныш.

- Шаршадым, - деді атасы. Беті күнге күйіп, түтігіп кеткен.

- Ата, ертең мен бағысайын.

- Айналайын-ай, көмекші керек-ау, бірақ...

- Жо-жоқ, ата, торы атты берсең, малды өзім-ақ бағамын. Егінге түсірмеймін, атты қинамаймын!

- Жарайды, көрейін... Қуаныш ерте тұрды. Аттарды суарды, жемдеді.

- Қуантай, сен бе аттарға жем берген?

- Иә, ата.

- Міне, азамат болды деген сөз..

Мал сылбыр қозғалып, шық басқан шөпке із қалдырып барады. Қуаныш атасының ескі бөркін киіп еді, көзіне түсіп, мазалай берді. Ерге мықтап жабысып алған. Майлыаяқ та көңілді. Қуаныштан бір елі қалмайды. Маса-сонасыз таңертеңгі салқында табынды орағытып шапқылап жүр.

Атасы атының ауыздығын алып, отқа жіберді.



- Қуантай, торыны шалдыр, малға да тыныс керек. Мен аздап мызғып алайын.

Қалекен ояңғанда күн қызып түр еді. Сона бұған өгізшелер суға ұмтылады. Қуаныш қайырады. Терін жеңімен сүртіп:

- Мал қайыру бермейді, ата! - деп, дауыстады.

- Жібер, көрмеймісің!

Өгізшелер су ішті де, тоғайдың көлеңкесіне барып жатты. Күйіс қайыра бастады. Атасы от жағып, шөй қойды. Өзен жағасында отырып шөй ішу бір қызық көрінді балаға.

- Шөй үйдегіден де дәмді екен! - деді Қуаныш.

- Иә, шырағым, қостың дәмі қашан да солай болады - деді Қалекен.

*«Балдырған» журналы №9,
1986 жыл*

ЖЕЗ ТОПСАЛАР

Жандостың қалтасы темір-терсекке толып жүреді. Өңірін басқан ауыр қалтадан гайкалар, кесінділер, шынжырдың үзінділері, шайбалар табылатын. Алақандары таттанып жусаң да кетпейтін болып алған. Бала ұйықтап жатқанда шешесі әлде неше рет темірлерді құртып, қалтасын босатып қойса да, Жандос кешке келгенде бәрі бір қайта қалпында болады.

- Мынау жаңа күртенің қалтасы тесіліп қалыпты, темір салуды қой! - деп шешесі талай ұрсып еді. Онысынан ештеңе шықпады.

Бір күні Жандос үйде жоқта қалтасын ақтарып отырып, әртүрлі

темірлердің арасынан жарқыраған бір пар кішкене топсаларды тауып алды. Топсалар жез қаңылтырдан жасалған, сандықшаларға орнатуға лайықты-ақ. Шешесі күміс моншақтарының арасына салып қастерлеп тығып қойды.

Ертеңіне бала сандықтарды ақтарып отырып шешесінің ең бір қадірлі заттарының арасынан өзінің жез топсаларын көрді.

- Мұны қол өнер сабағында өзім жасадым, - деді ол.

- Солай ма! - деп анасы қуанды. Енді Жандосқа темір ұстадың деп ұрыспайтын болды.

ТАБАҚ ПЕН ЕЛЕУІШ

(мысал)

Бір күні жез табақ салдыр-күлдір етіп босаға жақтан тіл қатты: - Бізде әділдік жоқ. Мен көп жылдар сәнді дастархан үстінде қазы-қартаға толып шіреніп тұрдым. Мені ең бір сыйлы қонақтардың алдына тартар еді. «Бабамнан қалған іші

майлы табақ» деп мәпелеп ұстайтын. Енді бір ғана ине жасуындай тесік үшін босағаға шығарып тастады. Ана мың тесік елеуіш сыйлы орнында әлі тұр. Осы да әділет пе?

МАҚТАНШАҚ МАСА

(мысал)

Үлкен қоңыр өгіздің айналасында маса ызындап ұшып жүрді. Бірде құлағының қаққысына ұшырап майып бола жаздады. Жалаңаш

тұмсығына қонам деп демімен кең танауға шақ қана тартылып кетпеді.

Маса өгіздің бүкіл алып денесінен сіркедей ғана қан сорып алса

болатын еді. Тұмсығы мен құлағы жолатар емес. Құйрығымен де бүйірін сабалап тұр. Болмаған соң дағдылы қан сорғыштардың әдетімен:

- Өгізден менің тұмсығым ұзын, мен өгізден де күштімін. Өгізден де айлакермін, - деп мақтаныпты.

ҚАСҚЫР МЕН КІРПІ

(мысал)

Орман шетінде домаланып кетіп бара жатқан тарғыл кірпіге аш қасқыр бас салып еді. Тұмсығы мен табанының қаны судай ақты. Зәбір көрген қасқыр өкпесін айтты.

- Бетіңнен сүйейін деп едім, сен ақ қырынбайды екенсің, - деді табанын жалап жатып. Кірпі қылтанда-

рының арасынан біздей тұмсығын шығарып, сықылықтай күлді.

- Асықпа, Қасеке, сендердің азуларың түгел қағылып біткен күні мен де, қырынып жүретін боламын, - деді. Ызалы қасқыр:

- Сен бейбаққа дау жоқ - деп, жөніне кете берді.

ЖАРҚЫРАУЫҚ ТҮРЕН

(мысал)

Соқаның түрені сәскелікте күнге шағылып жалтырап тұрып:

- Мені жермен істес болды деп кім айтар. Мен күннен жаратылғанмын. Көрдің бе, күндей жарқыра-

уымды?! - деп мақтаныпты. Сонда байлық анасы-Жұмыр жер:

- Қой, көршім, сені жалтыратқан мен екенімді ұмытпағайсың - депті.

ЖАЗҒЫТҰРЫ ЖАЙЫЛЫМДА

Шәріп ағай ат үстінде тұр. Ұйықтамағаннан беті ісіңкі. Шиартылып тұрған жіңішке мұртының ұшы салбырап кетіпті. Түнде мал жусағанда аз ғана көз іліктірген еді. Таң біліне қайыра атқа қонып, содан түскен жоқ.

Күн көзі биіктеген сайын көбік бұлттар кең аспанға сіңіп, жоғалып жатыр. Үрлесін жел бар. Күн ысып барады. Жер көктеп қалған. Алыстағы биік қызыл жарлар сағыммен бұлдырап көрінеді. Сай-саланы қаулай өскен тал, теректер бүршік жара бастапты. Қыстан арықтап шыққан тайыншалардың көкке аузы тигелі тойынып қалыпты.

Шәріп ағай жалбыр жал торыны тебіне түсіп келеді. Малдың алды жардан төмендей беріп қарға батып қалды да, кейінгілері иіріліп тұрды. Қызыл тайыншаның көксоқты қарлы судан арқасы мен тұмсығы ғана көрінеді. Жануар арпалысса да өзін-өзі құтқарарлық дәрмені жоқ. Сылбыр қимылдап әлсірей берді. Қыстан арықтап шыққандардың бірі болатын. Қарлы суда көп жатып өліп қалатын түрі бар.

Шәріп сасқалақтады. Ұзын шылбырды тұзақшалап жіберіп тайшаның мүйізіне лақтырып еді, іліктіре алмады. Екінші рет жақындаңқырап сермегенде тайғанақ кемерден

өзі де сырғанап түсті. Қапылыста түсті. Белуардан келген қарлы судан атқып шықты. Мүйізінен жіп іліккен тайынша ілгері баспады, тартынып тұр.

Торы ат жағадан алыстанқырап кетіпті. Бетегені іскектеп жайылып барады. Шәріптің қолы жетер емес. Онсыз тайыншаны сүйреп шығару қайда. Сүйегін қапқан ызғарды сезінуден қалды. Қайта денесі дуылдап қызып, күйдіре түскендей. Тайынша көзі аларып, шегіншектей берді. Жіпті босатса тереңге қарай сырғанап кетер жәйі бар. Қол созымда киімі мен аттың жемдорбасы жатыр. Түскі дамылдауда атқа бермек жемі еді, созылып барып жемдорбаға қолы зорға жетті. Сұлымен торыны шақырып тұр. Торы ат адырайып бір қарады да, қайтадан жерге бас қойды. Теріс қарап айнала жайылды. Мал көрінбейді, қайсысы қайда кетіп жатқаны да белгісіз. Шөкең де, тайынша да қалтырайды. Ат жемге оралар деген үміт үзілді. Жүре оттап ұзай берді.

Осы кезде біреу дөң үстіне жүгіріп шықты. Бұл Шәріптің үшіншіде оқитын ұлы Қошқар еді.

- Ана торыны жеткіз бері, тез жеткіз! - деп айқайлады әкесі.

Тайыншаны аттың құйрығына байлап судан жұлып алды. Суық өткен, әлсіреген жануар аз жатты да, тәлтіректеп басып орнынан тұрды.

Шөкең кішкентай Қошқардың маңдайынан иіскеді.

- Апам азық апар деген соң жүгіре жөнелдім. Мұнда келсем суға түсіп кетіпсің. Қатты қорықтым. Әке, өзің тоңып тұрсың, мен келмесем жаман болар ма еді?

- Солай, балам, жігіттік істедің. Сен келмегенде мына тайынша өліп қалатын еді.

- Әке, үйге барып дем ал. Малда мен қалайын. Мен жігітпін ғой. Өскен соң атам сияқты үлкен малшы боламын, солай ма, әке?

- Солай, қозым, сен жақсы малшы боласың әлі!..

ІЗГЕ ТҮСУ

Қысқы таң біртіндеп ағарып келеді. Тымық аспанда әлі де жұлдыздар бар. Ауылдан қараңғыда шыққан үш бала өзек шетіне іліккенде таң аппақ атты. Ұсақ аңдардың іздері сайрап жатыр. Балалар қойнауға келіп тоқтады да:

- Мен кезенде қаламын, сендер осы жалағаштың арғы басынан түсіп, қиқулап айдандар, - деді Нұрлан. Балалар шаңғыларын сырғанатып кете бергенде кішісі бұрылып:

- Нұрлан, мен бөлек жүрмеймін, қорқамын - деді, жыламсырап.

Нұрлан кішкентай інісін аяп кетті.

- Жарайды, тек ақырын сөйле өзің!

Балалар көрінбей кетті. Нұрлан тал арасында бұғып отырды. Өткен жылы осы тоспадан әкесі екі қасқыр атып алған. Ал Нұрлан болса қоянмен құстан басқаны атып көрген жоқ. «Қасқыр деген түсі суық аң, оны дәлдеп атуға да жүректілік керек» деген әкесінің сөзі есіне түсті. «Тәуекел, тек қасқыр шықса екен! Қасқырдың терісін арқалап қайтса ғой. Нұрланды «аңшы» дер еді жұрт».

Ұлықсатсыз кеткені үшін әкесі де ұрыспас еді. Жазда қасқырлар жеп кеткен қойлардың есесі қайтар еді... ие...

Шығыс жақ қызғылт тартты. Нұрлан тоңайын деді. Қолдарын ысқылап шыдамсыздана күтеді. Қуғыншылардың даусы арғы беттен еміс-еміс естіліп тұр. Қасқыр өлі шыға қоймас деп жайбарақат отырғанда тал арасынан сұр ит секіріп өте берді. Нұрлан сасқалақтап соңынан ала қос ауызды қосынан жіберді. Ит сүрініп кетіп шоқыта жөнелді. Қыйраландап, солтандап барады. Қан тамып барады екен. Ұзамай құлайды деп ойлады да оппалап соңынан жүгірді. Қасқырдан көз жазып қалармын деп қорықты. Қасқыр тоғайға тартты. Нұрлан ұзын сирақтарымен бірде аяндап, бірде жүгіреді. Жаралы аң құлау орнына ұзай түсті.

Күн еңкейгенде ақсақ қасқыр тоғайға кеп бұрын кірді. Бала шаршады, мылтық иығын талдырды. Ұлпа қарды шеңгелдеп аузына салды. Қар жеуге болмайтынын біле тұра сөйтті, шөлге шыдар емес. Қалың қарда қан тамған із сайрап жатыр. Қасқыр ендігі құлаған болар деп үміттенеді бала. Биік талдардың арасымен қайда бара жатқанын да бағдарлай алмады. Төбеде көкшіл аспан көрінеді. Қасқыр қайдағы бір шытырманға сүнгіп кіріп, өрлеп отырыпты. Есілдің арғы жарқабағындағы үй-еңкілердің төбесін зерлеп күн ба-

тып барады. Көп ұзамай қараңғы түседі. Тоғайдағы түнгі жалғыздықты ойлағанда жүрегі дір ете қалды. Сұр қаншықтан айырылу-ұят! - деді Нұрлан қайраттанып.

Алдағы жыныс ішінен кездесер деп, жақындап келеді, болмады. Беті-қолын талдың бұтақтары, долананың инесі жыртып удай ашытады. Із өзеннің аңғарына түсіп кетіпті. Төменде көкше мұз көрінеді. Қарсы беттің жары тым тік екен, орта шеніне жеткенде кейін домалай жөнелді. Сол кеткеннен іргеге барып соғылды. Басы зеңгіп кетті.

Көзін ашқанда шалқасынан жатыр екен. Жұлдызды аспан көрінеді. Басын көтеріп жан-жағына қарады. Қарлы жарқабақ төніп тұр. Таяқ тастам жерде әлде не қарауытады. Өзіне қарсы қарап қасқыр жатыр, атылуға ыңғайланған түрі бар. Дереву көздеп атып жіберді. Өзен аңғары күніреніп көп тұрды. Қасқыр қозғалмады, өліп қалыпты. Нұрлан шойнаң ете қалды. Оң аяғы қақсап барады. Әлгі құлағанда мертліккен екен. Таңдайы кеуіп сусап кетті. Бақырып жылағысы келді, аңшыға жылауға болмайтыны есіне түсті. Жаз бойы жұртты қан қақсатқан сұр қаншықты сұлатқаны аяғының ауырғанын да ұмыттырып жіберді. Жақыннан мылтық атылды.

- Нұрл-а-ан!

Бала әкесінің даусын танып орнынан тұрды.